

7 жылдық тарихы, 35 мыңнан аса авторы бар басылым

QAZAQ BILIMI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

2017 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады




«Educational Sciences Index» Қазақстан педагогтарының ғылыми-әдістемелік мақалаларының базасында индекстеу жүргізіліп, «Edunews.kz» ақпараттық агенттігі арқылы республиканың педагог қауымына таратылады



I БӨЛІМ

*Басылым Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде
есепке қойылып, 2017 жылдың 28 шілдесінде
№16620-Ж тіркеу куәлігі берілген*



МАЗМҰНЫ

Жунусбаева Ж.К., Ыргынбаева Ш.М., Сербаева А.Д.,	3
Жыныс генетикасы тақырыбына арналған генетикалық есептердің шығару жолдары	3
Қожамқұл Қасиет Әліқызы,	4
Қызықты математика.....	4
А.С. Қыдыршаев,	6
С.Ж. Мұхамбетова, Б.С. Ахметқалиева, А.А. Қанатқалиева,	6
Ш.М. Кондудаева, И.Т. Масабаева,	6
Сөз сөйлеуге даярлық жүйесінің бірер сатылары.....	6
А.С. Қыдыршаев,	8
Ш.М. Кондудаева, И.Т. Масабаева, С.Ж. Мұхамбетова,	8
Б.С. Ахметқалиева, А.А. Қанатқалиева,	8
Шешендік дағды – табыс кепілі	8
Сейтжапбарова Балжан Сейдахметовна,	12
Тәрбиеші болу – бақыт	12
Кембева Жарқынай Даутбековна,	13
Тәрбиеші – ұлы тәрбиенің тірегі.....	13
Жекебазарова Саним Ынтыковна,	15
Әжемнің асыл бұйымдары	15
Сейдалиева Эльмира Орынбасаровна,	16
Бәрін білгім келеді.....	16
Мұкатаева Лаура Аманқызы,	19
Үздік жүргізуші	19
Слямова Гульнара Турусбековна,	20
Басты мақсатым - жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтарға тәрбиелеу.....	20
Мусобаева Айгуль Жайлаубековна,	21
Организация проектно-исследовательской деятельности младших школьников.....	21
Қайратқызы Айсана,	24
My dream school	24
Анарбаева Жанат Ережеповна,	25
How to organize Extra-curricular work in foreign language teaching	25
Раисова Мая Қуатбековна,	28
Оқушыларда шығармашылық, көшбасшылық дағдыларын қалыптастыру ерекшеліктері.....	28

ЖУНУСБАЕВА Ж.К., ЫРГЫНБАЕВА Ш.М., СЕРБАЕВА А.Д.,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
молекулалық биология және генетика кафедрасы**ЖЫНЫС ГЕНЕТИКАСЫ ТАҚЫРЫБЫНА АРНАЛҒАН ГЕНЕТИКАЛЫҚ
ЕСЕПТЕРДІҢ ШЫҒАРУ ЖОЛДАРЫ**

Тұқым қуалаушылық заңдарын білу – көптеген құбылыстарды түсінуге мүмкіндік береді. Себебі, адамның биологиялық дамуынан бастап, мінез-құлық қасиеттеріне дейін тұқым қуалайтын гендердің бақылауында болады. Тұқым қуалаушылықтың заңдылықтары барлық тірі организмдерде, оның ішінде адам үшін де бірдей. Адамның көптеген белгілерінің тұқым қуалауы Мендель заңдылықтарына сәйкес беріледі. Егер, ген аутосомада орналасқан қандай да бір белгінің түзілуіне жауап берсе, онда ата-аналарының қайсысы (әкесі немесе шешесі) зерттелетін белгі бойынша тасымалдаушы екендігіне қарамастан белгілердің тұқым қуалауы тәуелсіз түрде жүзеге асады. Ал, белгі жыныс хромосомасында орналасқан гендермен анықталса, онда тұқым қуалау сипаты күрт өзгереді.

Жыныс хромосомасының бір жұбында орналасқан, дамуы бір аллельмен жүзеге асатын белгілерді **жыныспен тіркесіп тұқым қуалау** деп атайды. Белгі екі жыныстың біреуінде ғана көрінеді және әйел мен ер адамдарда әртүрлі тұқым қуалайды. Х-хромосомасымен тіркескен белгілер доминантты және рецессивті болуы мүмкін. Жыныспен тіркескен белгілердің тұқым қуалау ерекшелігіне есептер шығарып көрейік.

Есеп. Дальтонизм рецессивті гені Х-хромосомасында орналасқан. Қыздың әкесі дальтонизм ауруымен ауырады, бірақ, шешесі мен оның ата-тектері түсті ажырата алады. Қыз, қалыпты көретін жігітке тұрмысқа шыққан. Осы некеден дальтонизм ауруын тасымалдайтын ұлдары және қыздары туралы не айтуға болады?

Белгілердің тұқым қуалау сипатын анықтаймыз.

1. Қыздың әкесі дальтонизм ауруымен ауырады, бірақ, шешесі мен оның ата-тектері түсті ажырата алады. Демек, әкесінде дальтонизмнің рецессивті ген бар, яғни генотипі – X^dY , ал шешесі мен оның ата-тегі сау болғандықтан, анасының генотипі – X^DX^D .

2. Есептің берілгені бойынша қыздың түрлі-түсті ажыратуы қалыпты, бірақ, дальтонизм генін тасымалдаушы, яғни анасынан – X^D , әкесінен – X^d гаметаларын алған.


3. Қыз қалыпты көретін жігітке тұрмысқа шыққан, яғни ер адамдарда тек бір ғана Х хромосомасы бар екенін және дальтонизм рецессивті тұқым қуалайтынын ескеретін болсақ, онда жігіттің генотипі – X^DY .

4. Осы некеден туылатын балаларда дальтоник ауруның кездесу жиілігін анықтау керек. Егер, анасы гетерозиготалы болса, онда ол отбасында ұлдар арасында сау және ауру баланың туылуы 1:1 қатынасты құрайды, мұнда теңдей жиілікте X^D және X^d гаметалары түзіледі. Қыздың сау жігітпен некелесуінен барлық қыздарының көруі қалыпты, ал, ұлдарының жартысы дальтонизм ауруымен ауырады.

Ескере кететін жағдай, адамдарда әйел жынысы деп, ал ер жынысы

символдарымен белгіленеді.

Берілгені:



Сау D – X^D ;

Дальтоник d – X^d .


F – ?

Жауабы: Бұл некеден $\frac{1}{4}$ (25%) сау қыздар; $\frac{1}{4}$ (25%) дальтоник ауруын тасымалдаушы қыздар және $\frac{1}{4}$ (25%) сау ұлдар мен $\frac{1}{4}$ (25%) ауру ұлдар туылуы мүмкін.

Есеп. Сары және қара түстердің алмасып келуінен мысықтардың жүні тасбақа түстес болады және бұл түс тек аналық жыныста кездеседі. Қара түс доминантты белгі ретінде тұқым қуалайды. Аталық мысықтардың жүні тасбақа түстес болмайды. Неге? Себебін түсіндіріңіздер.

Белгілердің тұқым қуалау сипатын анықтаймыз. Мысықтарда қара түс В генімен, ал, сары түс b генімен анықталады. Демек, гендер Х-хромосомасында орналасуы мүмкін, онда У-хромосомасында бұл гендер болмайды.

Енді гендерді белгілейміз: В – X^B ; b – X^b . Олай болса, гендер мынадай комбинациялардан тұрады: Аналық мысық: қара – $X^B X^B$, сары – $X^B X^b$; тасбақа түс – $X^b X^b$, ал, аталық мысықтар қара – $X^B Y$ және сары – $X^b Y$ болады.



Бұл жағдайда аналықтарда тасбақа түстің пайда болуын, В генінің b геніне толымсыз доминанттылық көрсетуімен түсіндіруге болады, демек, аналықтары гомогаметалы XX болғандықтан, гетерозиготалы күйде тасбақа түс – $X^B X^b$ көрінеді. Аталықтары гетерогаметалы

ХУ бір Х хромосомасы болғандықтан, қара немесе сары түсті бола алады.

Жауабы: аналықтары гетерозиготалы күйде тасбақа түс – $X^B X^b$ көрінеді. Аталық мысықтарда бір Х

хромосомасы болғандықтан, тек, қара немесе сары түсті болады.

Генетикалық есептер шығару арқылы бірқатар тұқым қуалайтын аурулардың кездесу жиілігін болжауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жимулев С. Г. Общая и молекулярная генетика. Новосибирск. Изд-во Сиб. АН. 2002.
2. Бакай А. В., Конич И. И., Скрипниченко Г. Г. Генетика. М.: Колос, 2007. – С. 448.
3. Берсімбаев Р. І., Мұхамбетжанов К. Қ. Генетика. «Қазақ университеті» І бөлім. 2002. – 26766.
4. Орлова Н. Н. Сборник задач по общей генетике. М., МГУ, 1982.

ҚОЖАМҚҰЛ ҚАСИЕТ ӘЛІҚЫЗЫ,

"Алтын білім" бөбекжай балабақша тәрбиешісі
Түркістан облысы, Шардара ауданы, Қызылқұм ауылы

ҚЫЗЫҚТЫ МАТЕМАТИКА

Мақсаты: Балалардың сандар және пішіндер жайлы түсініктерін бекіту. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру: біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, заттарды бір қатарға, реті бойынша, бір бағытта солдан оңға қарай оң қолымен орналастыру. Пішіндердің көлемін, түсін дұрыс атауға дағдыландыру. Көршісін атауға дағдыландыру. Балаларға әртүрлі тапсырмалар бере отырып, зейіндерін, логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, ұжыммен жұмыс жасау барысында бірлесіп шешім қабылдауды жетілдіру. Балалардың бойында мейірімділік, достық сезімдерін тәрбиелеу.

Билингвалды компонент: Бір-один, екі-два, үш-три, қызыл-красный, көк-синий, сары-желтый, жасыл-зеленый


Көрнекіліктері: Сандар, пішіндер, мнемокесте, ноутбук, қобдиша

Әдіс - тәсілдері: жылулық шеңбер, қызықты сәт, сұрақ - жауап, көрсету, түсіндіру, сергіту сәті, тапсырмалар,

Сөздік жұмысы: пішіндер, сандар, тапсырмалар

Әрекет кезеңдері	Тәрбиеші іс - әрекеті	Балалар іс - әрекеті
Мотивациялық – қозғаушы	Шаттық шеңбер: Амандасу Амансынба Алтын күн! Амансынба Жер Ана! Амансынба достарым! Сіздерді көргеніме қуанам!	Шеңберге тұрады Амандасады Айтады, қимыл жасайды
Ұйымдастыру – іздену	Сұрақ – жауап өткізу: -Қазір жылдың қай мезгілі? -Қыс мезгілі немен ерекшеленеді? Қыс мезгілінде неше ай бар? атап өтіндерші Қазір қай ай? Қызықтыру сәті: Қоңырау соғылады (видеоқоңырау) Балалар бізге бейнеқоңырау шалып жатыр. Кім екен көрейекші. Бейнеқоңыраудан Білім ханшайымы шығады. Білім ханшайымы: Сәлеметсіздерме Балалар. Мен сендерге білім патшалығынан қоңырау шалып тұрмын, мен білім ханшайымымын. Сендерді көргеніме өте қуаныштымын. Мен сендерді ақылды, мейірімді, еңбекқор, өте білімді екендерінді естідім. Сіздерге қонаққа келе алмадым, себебі елдегі болып жатқан індетке байланысты қоңырау шалып жатырмын. Менің сендерге арнаған сыйлығым бар. Сыйлығымды алу үшін көп еңбектенулерін керек. Мен сендерді әртүрлі тапсырмаларымен сынағым келеді, сендерге дайындаған тапсырмаларым бар. Сендер орындайсындарма? Балалар Ханшайымның бізге берген тапсырмаларын орындайық. Ал тапсырмалар оның қобдишасында екен. Қобдишаның ауызында құлып бар екен. Ал ол қобдишаны ашу үшін дұрыс кілттің табу керек. Мына жерде құлыптың бірнеше кілттері бар.	қыс қарымен, аязымен, айналының бәрі аппаққа айналады. Зай, желтоқсан, қаңтар, ақпан қаңтар Амандасу



	Қобдишамыз ашылды, енді ішін қарап көрейік. Ханшайымның тапсырмалары: 1 тапсырма: 1,2,3 дейін санау. Бірдей заттарды топтастыр және олардың біреуін бөліп көрсет. 2 тапсырма Математика әлемінде түрлі геометриялық пішіндер бар екен. Балалар тақтаға қараймыз. Пішіндерді атайық, түстерін анықтайық, көршілерін ата.  Билінгвалды компонент. қызыл-красный, көк-синий, сары-желтый, жасыл-зеленый. Ал енді сергіп алайық Сергіту сәті (видео бойынша) Балалар келесі 3 тапсырманы орындап көрейік. «Кеңістікті және уақытты бағдарлау» деген тапсырма бар. Балалар балабақшаға қай уақытта келеміз? Таңертен Үйге қай уақытта кетеміз? Кеште Қай уақытта тамақ ішеміз? Таңертен, түсте, кеште Шарты: Тақтадағы үлгі бойынша тапсырманы орындау. Тактаның жоғарғы жағына төртбұрыш, төменгі жағына дөңгелек, оң жағына үлкен үшбұрыш, сол жағына кішкентай үшбұрышты жапсыру. Балалар қобдишамызда соңғы 4 тапсырма бар екен. Берілген пішіндерге ұқсас заттарды тауып, қосу. Мнемо кесте  -Балалар біз Білім ханшайымның барлық тапсырмасын орындадық. Енді Білім ханшайымына сөз берейік. - Жарайсындар балалар мен барлығын бақылап отырдым, енді қобдишаның ішінде сіздерге сыйлығым бар. Рахмет балалар, сау болыңыздар.	ия Үшбұрышы бар кілтпен ашады Балалар сары алмұрттарды топтастырып «көп»деп, бір қызыл алмұртты «біреу» деп айтып себепке салады. Үшінші себепте "бір де біреуі жоқ"деп айтады. Пішіндерді атап, түстерін анықтайды Видео бойынша қимылдар жасайды Балалар үстел үстінде орындайды Балалар пішіндерге ұқсас заттарды карандаш арқылы қосады. Балалар сыйлықтарын алып, Білім ханшайымымен қоштасады.
Рефлексиялық – коррекциялау	1. Кімнің тапсырмаларын орындадық? 2. Қандай тапсырмалар ойнадық? 3. Қандай пішіндерді атадық?	Білім ханшайымның тапсырмаларын Геометриялық пішіндерді атадық, Пішіндерге ұқсас заттарды таптық.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Геометриялық пішіндерді

Игереді: Кеңістік пен уақытты бағдарлай

Меңгерді: Оң және сол қолдарын

А.С. ҚЫДЫРШАЕВ,Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор**С.Ж. МҰХАМБЕТОВА, Б.С. АХМЕТҚАЛИЕВА, А.А. ҚАНАТҚАЛИЕВА,****Ш.М. КОНДУДАЕВА, И.Т. МАСАБАЕВА,**

М. Өтемісова атындағы БҚУ, II курс магистранттары

Орал қаласы

СӨЗ СӨЙЛЕУГЕ ДАЯРЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ БІРЕР САТЫЛАРЫ

Небір өнер не даналық шыңына оларды оқып-үйренбей жету әсте мүмкін еместігі ақиқат. Асылы, ұйымдастыра білген қашан да ұтады. Кәсіби маман іс-әрекетінің алдын-ала ұйымдастырылуы - түсінікті де нақты, логикалық тұрғыда ойлануға және тиімді қалыпта хабарлама жасауға бастар жол. Сөз сөйлеудің қандай формасын (сөйленер сөздің сұлбасы, тірек сөздер не толық конспект) қолдансақ та, бұл орайдағы алғашқы әрбір қадамымыз бастапқы жоспар ретінде қабылданады. Бұлар әрқилы. Олар сан алуан жана дағдыларды талап етеді. Олар өте - мөте нәзік қимылды қажет етеді. Десек те, біз олардың түпкілікті мақсатқа қызмет етерін білеміз. Бұл орайда да баса ескереріміз: сөйленер сөздің көру үшін емес, тыңдар құлақ үшін екендігі. Сөз сөйлеу мәдениетін дамыту үшін, дауыстап сөйлеу бірден-бір маңызды. Бұл ретте өлең, жаңылтпаштар, алдын-ала сөйленер сөздің жобалы нұсқаларын оқудың ешбір артықтығы жоқ. Керісінше, өте пайдалы. Өз дауыс ырғағымызбен және көпшілік алдына өзімізді қалай алып шығарымызды алдын-ала көріп-біліп болжағанға не жетсін! Барынша аз жазып, көбірек сөйлеуге, өзімізге көбірек сұрақ қоя отырып, динамикалы қалыпта сөз сөйлеудің техникасын дамытуға ұмтылу орынды болмақ [1;2;3].

Қашан да аудитория шешеннен тыңдаушыларды жалықтырмайтын, тақырыпқа сәйкесті ақпарат беретін не сенім ұялатар түйін айтатын және көпшілікке беймәлім сюрприздермен риза қылар мезеттерге толы тұщымды сөз күтеді. Сондай-ақ аудитория кейін дұрыс шешім қабылдау үшін, шешеннен нақтылы ақпарат, сөз мазмұнына сәйкес мағыналы тұрғыда бағыт сілтер, алғы істерге орайлас үлкен сенім туғызар тұжырым күтеді. Көбіне-көп мәжілістер өтетін залдар үшін сюрприздер мен түрлі көңіл көтерер сергіту сәттері тән емес. Бірақ бұл осы реттегі сөйленер сөздің бір сарындас не жалықтырар қалыпта болуы керектігін аңғартпайды. Тіпті де, керісінше. Қайта сөйленер сөз жанды да қайталанбас қалпымен ерекшеленсе ұтымды болмақ.

Ең алдымен, істі бастамастан бұрын, сөйленер сөзге және оның мазмұнына өзіміздің қатысымыз, көңіл-күйіміз, көзқарасымыз туралы айқындыққа жету, ең бастысы, өзімізді мысқал да алдаусыратпай, адал болғанымыз дұрыс. Себебі бұл реттегі мысқал да болса жағымсыз көзқарасымыз ұйымдастыру ісінің, әзірліктің және сөйлеу сәтінің әрбір аспектісіне жайыла отырып, ақырында аудиторияның сөзімізді жағымсыз қабылдауына әкеліп соқтыруы мүмкін. Егер де өз сөзімізді айтар идеяларымызға көпшіліктің қарсы болуы мүмкін деген сезімнен бастасақ, осы сезімді тыңдаушыларымызға жұқтыруымыз мүмкін, нәтижеде олар өзіміз қорқасоктап күткендей қатты қарсылық білдіруі әбден мүмкін.

Іштей өзімізден «Мен не үшін сөйлеуге тиіспін?» деп сұрап көрелікші. Егер де бұл сұраққа жауабымыз болмаса, іздеп тауып көрелік. Әрбір сөйленер сөздің

айқын мақсаты болуы тиіс. Сөз сөйлеуге келгенде айқын да анық себебіміз болмаса, сөйлемеген жөн. Өзіміздің де, тыңдаушыларымыздың да алтын уақытын құр босқа жоғалтпағанға не жетсін! Өзімізден іштей «Мен кімге (кімдерге) сөйлеймін?» деп сұрап көрелік. Қашан да қандай болмасын даярлықты бастамас бұрын, өз аудиториямызды білгеніміз жөн. Кезекті тақырып бойынша өзіміз айтар мәліметтердің бәрін де қағазға түсірелік. Қол астымыздағы материалдарды салған жерден жүйелей бастау міндетті емес. Басымызды артық нәрселерден босатып, ойлар тасқынына ерік берелік. Бұндай сәт ойлап шығарушылық қабілетіміздің еселеп артуына септеседі. Біз бұларды «ой үзіктері» дегенді жөн көреміз. Шаршап не жалығып кетсек, ой үзіктерін теруді қоя салып, өзге іспен айналысқан жөн. Миымыз бәрібір жұмыс жасай береді. Ақырында аса қажетті, нақтылы да қызықты ой міндетті түрде жүйеленеді.

Сөйлер сөзіміздің басты ой ұшығын жүйелеп жинақтай отырып, жазып шығалық. Бұлайша істеу аудиторияны, мақсатты және күтілер нәтижені анықтауға бірден-бір сеп. Бастысы жазғандарымыз белгілі бір саланы аңғартардай (*мәселен, идеяны, концепцияны, өзімізді, өнімді*) болғаны дұрыс. Мысалы, менің сөз сөйлеудегі мақсатым - ұсынылып отырған жобаның жүзеге асыруға оңтайлығы әрі пайдалылығына кеңес мүшелерінің көзін жеткізу. Егер де негізгі ойымызда басты сөз «тәрбиелеу» болатын болса, мүмкіндігіне қарай бұның орнына басқа сөзді алғанымыз жөн. Себебі «тәрбиелеу» сөзінің көзге көрінбейтін жасырын психологиялық мағынасы - шешендерге өз тыңдаушыларына шекеден қарап сөйлеуге, нотация оқуға, әкелік мәнерде сөйлесуге мәжбүр ететіндей. Ал егер де «хабарлау» сөзін таңдап алсақ, онда міндетті түрде негізгі ойға аудиторияға хабарлаудың қажеттілік себебін айтуды енгізген дұрыс («Оларға бұл ақпарат не себептен қажетті?»). Ал көпшілік жағдайда шешен үшін «мәлімет беру» - өзгелердің білуі аса қажеттілік туғызбаса да, өзі білетін тақырып төңірегінде айту секілді эгоистік тұрғыдағы талқылауға жол ашаралғы шарт іспеттес. Мейілінше тиімді де қомақты нәтижелерге қол жеткізу үшін үнемі бірден-бір керекті тірек сөздерді іріктей білу, қолдана білу жөн. *Мәселен, сендіру, көз жеткізу, иландыру, қол жеткізу, дәлелдеу.*

Кім болса да біреуге өзіміздің негізгі ойымызды дауыстап айтып көрелік. Онда осы орайдағы мақсатымызды сұрауды өтінелік. Қорғана бермей, мейілінше шынайы болуға тырысалық. Бұл ретте өзіміздің негізгі айтар ойымызды қорғауға, бекіте түсуге немесе өзгертуге ұмтылалық. Сонда ғана оны күштірек, салмақтырақ ете түсеміз, сонда ғана негізгі ойымыз миымызда қомақтала, шегелене түседі. Нәтижеде өзіміздің таңдаған негізгі ойымызды сөйлер сөзімізде толық жүзеге асыра аламыз [4;5;6;7].

Шешендердің басым көпшілігі сөз сөйлерге дейін-ақ өзінің не айтарын және тыңдаушыларға өз

ойлары мен идеяларын қалай тиімді жеткізерін нақты біледі. Ал бұған тер төге әзірленудің, бел шеше даярланудың арқасында қол жетпек. Сөз сөйлеуге алдын-ала даярлықтың маңыздылығы онда даяр мәтінді, тірек жазбаларды не мәтін үзінділерін қолдану-қолданбауымызға байланысты емес. Біздіңше, бұл реттегі кейбір тәжірибелік қағидалар төмендегіше:

- сөйлер сөзімізді емес, айтар идеямызды есте сақтауға жаттығу;

- жаттауға ұмтылмау;

- дауыстап айтып жаттығу;

- әр кез сөйлер сөзімізге не презентациямызға ақыр соңына дейін дайындалу;

- көрнекі құралдар қолданар болсақ, әзірлікті тұтас бірлікте жүргізе білу;

- мүмкіндік бар жерде әзірлікті тыңдаушылармен бірлесе жүргізу;

- даярлықты сөйлеген сөзімізге адал жүрекпен сын айтар аудиоредактор болар адаммен бірлікте жүргізу әбден тиімді [5].

Тыңдаушылармен ішкі байланыс орнатқан жөн. Өз сөзіміз бағытталар аудиторияның мөлшерін біле отырып, оның әрбір бөлігімен байланыс орнату жөн. Егер де аудитория мейілінше үлкен болса, ондай жағдайда дәрісхананы ойша төрт бөлікке бөле отырып, көз жанарымызбен бір бөлік орталығынан екіншісіне ауысып отыруға бағыт ұстану дұрыс. Бұндай ретте жекелеген бөлімнің әрбір адамына үнемі жіті назар аударатындығымыз хақында көзқарас өздігінен қалыптаспақ. Ал адамы аз кішкене топтарда кейде қатысушылардың әрқайсысына назар аударуға ұмтылған дұрыс.

Әрбір ым-ишаратымыз табиғи болуы тиіс. Егер де олар сөйлеген сөзімізден туындап жатса, әбден орынды болғаны. Ешқашан да ым-ишарат қолдануға алдын-ала дайындалмау, басқаша жағдайда олар ойдан шығарылған ебедейсіз әрі жасанды болмақ. Кең көлемді күшті де жағымды ым-ишараттар баяндауымыздың мән-мағынасын арттыра түседі. Қашан да өзіміздің ең үздік көрнекілік екендігімізді есте сақталық.

Қимыл-қозғалыстан қорықпау жөн. Бір орында қақшып қатқан қазықтай қозғалмай тұруды жөн дей алмаймыз. Сондай-ақ әрлі-берлі мағынасыз қозғала беру де дұрыс емес. Күшті идеялар ұсынған тұста тұрыс-қалпыңды өзгерту, кідіріс сәтінде бірер қадам ілгері аттау сөзге жандылық қосып, құрыс-тұрыстарды жазуға сеп. Кідірісті орынды қолдана білген дұрыс. Тиімді қолдана білсек, олардың әсері ерекше әрі олардың көбірек болғаны жөн. Кідіріс атаулы ойымызды жинақтап алу үшін де қажет. Кідіріс тыңдаушыларға естігендерін ой елегіне сала отырып, екшей түсу үшін, одан әрі тыңдау үшін де қажет. Жалпы көпшілік аудитория ауызша айтылар хабарларға бейім болып келеді. Сәйкесінше, оларға ойлануға уақыт қалдырып отырғанымыз жөн. Әсіресе, бұл күнілгері арнайы жазып әзірленген мәтін бойынша сөз сөйлеуде керек-ақ. Әзірлікке кеткен уақытты есептеп отыру, өзімізге бөлінген уақыт мөлшерінен аспау жөн. Сөйлер сөзімізді жеделдете айтпағанымыз дұрыс. Басы артық материалды алып тастау, мазмұнды ықшамдап ұсыну тиімді. Қалыпты сөйленер сөзге қарағанда шешендер мейілінше баяу ырғақта сөйлегені жөн.

Бірер әзірлік мезетімізді таспаға жазған жөн. Сөйлеген сөзімізді табиғи қалыпта жазу үшін, микрофонды 60-90 см. қашықтықта орналастырған тиімді. Сөзіміздің айқын да жанды шығуын қадағалау.

Даярлық сәтіміздің бір-екі көрінісін бейнетаспаға жазып алу. Кейін көрініс сәттеріне объективті түрде баға бере көз жүгірту.

Әзірлік кезінде айнаны қолданбау. Байқауымша, өз көзіне қарауды дағдыға айналдырған дұрыс секілді. Бірақ айнаға қарай отырып, объективті болу қиын. Көбіне өзіміздің көргіміз келгенді ғана байқаймыз. Өзімізді ыңғайлы да сенімді ұстау үшін әзірлік кезінде шаршы топ алды сөз сөйлерде киер киімімізбен даярланған артық болмайды. Біздіңше, бейнетаспада өзіміздің қалай сөйлегенімізді тексеру мақсатындағы сұрақтар тізімі төмендегіше болмақ:

- Ішкі байланыс тиімді жасалды ма? Көз жанарымен барлық тыңдаушыларды шола қамтыдық па? (*Барлық тыңдаушыларды назарда ұстай алдық па?*)

- Дауысымыз ортақ проблемаға (күн тәртібіндегі мәселеге орай) қам жеу мақсатында, көпшілікті өзіне тарта, елексіте жанды қалыпта шыға алды ма?

- Өзіміз табиғи күйде әрі салмақты көріне алдық па?

- Ойларымыз байыпты да байсалды логикалы өріле алды ма?

- Сөйлеген сөзден негізгі бөлімді бөліп алуға болар ма еді?

- Сөйлеген сөзіміз мақсатына жете алды ма?

- Қолданылған ым-ишараттар орынды болды ма?

- Дауысымызбен, қимыл-қозғалысымызбен не өзіндік мәнерімізбен тыңдаушыларымызды ашуландырып алған жоқпыз ба? Тыңдаушылар жүйкесіне жағымсыз әсер етпедік пе?

- Дәлелді тұжырымдарымыздың мән-мағынасын төмендететіндей басы артық сөздер қолданған жоқпыз ба? (*мүмкін, секілді, сияқты*)

- Тыңдаушыларды асықтырып, сөзімізге ілесе алмай қалатындай тым асығыс ырғақта жеделдетіп сөйлеп кеткен жоқпыз ба?

- Маңызды идеяның мәнін үдету, арттыра түсу мақсатында не бірден-бір мәнді ойларды көпшілікке жеткізу үшін мейілінше баяу қалыпта сөйлеу барысында ырғағымызды өзгерте алдық па?

- Түсінікті сөйлей білдік пе? Тыңдаушылар сөзімізді тек естуі ғана емес, не туралы айтып тұрғанымызды түсінуі тиіс;

- Көрнекіліктерді сенімді түрде жеңіл қолдана алдық па?

- Таңдалған имиджге киіміміз сәйкес келе ме?

- Тыңғылықты әзірлігіміз сәйкесті имидждің айқын көрінуіне дәлел бола ала ма? [5].

Бейнетаспаға қарай отырып, өзімізді объективті түрде бағалау жөн. Егер де өз сөзімізге көңіліміз толып, мәселен, жерде жайқалып өсіп тұрған мәуелі ағаштың энергиясын алғандай сезімде болсақ, бұл - сөзіміздің табиғи да ғажап өрілгені. Ал егер де аудиториямен ішкі байланысты орнықтыра алмаған болсақ, қайтара әзірленіп көрелік. Егер де таспа лабиринтінде өзімізді жоғалтып алғанымызды байқасақ, онда көрнекі құралдар мөлшерін азайту орынды. Бұл жағдай көбірек еркіндік бере отырып, көпшіліктің айтылар сөзге әсерін үстемелемек, бірақ та бұл жағдай еш қысылыс туғызбауы тиіс. Алуан приборларды құбылта қолданып тұрған «жұлдызды кеменің» капитаны емеспіз. Аудиторияға белгісізді ашу, проблеманы шешу үшін, жаңалықтармен таныстыру үшін қажет екенімізді ескерелік.

Сөзіміздің соңында төмендегідей тәжірибелік қанатты қағидаларды ескеру орынды деп білеміз:

- Кімде-кім өз сөзін алдын-ала дайындаса, сол - халыққа нағыз берілген, шын мәнінде халық үшін қызмет ететін жан, ал көпшілік сөзімді қалай қабылдайды дегенге немқұрайлы қараушылық - сендіруді емес, күшпен көндірді мақсат еткендік (*Демосфен*) ; Өркениеттің басты міндеті - адамды ойлануға үйрету (*Эдисон*) ; Ойлы адам қашан да ұлы адамдар сынақтан өткізген жолдарды іріктей келе, ең таңдаулыларына еліктеуге тиіс, сонда әлгі ойшылдардың ғұламалығына жетпегенімен, оның кейбір ұшқынын болса да бойына дарытады (*Н. Макиавелли*) ; Белгілі бір істі қарапайым жоспармен-ақ қолға алғайсың, сонда

сенің тақырдан бастамағаның белгілі болмақ (*Дж. Паркинсон*) ; Егер де алғы мақсатыңызды жүзеге асыру жолында кедергілерге ұшырамаған болсаңыз, онда сіздің тұлға ретінде әлі қалыптаспағаныңыз (*Ф. Честерфилд*) ; Алғы күнге асыққайсыз, келер күнге бүгін әзір болмасаңыз, ертең даяр болуыңыз неғайбыл (*П. Чисхольм*) ; Кім-кім де өмірден алар өз үлесіне ие, ал адам баласының өмірден керегін ала алмауы - сол жолға тиісінше тер төкпеуінен (*Т. Уолдер*) ; Жасында тырысқан қартайғанда қуанады (*М. Қашқари*) ; Жас жігерге табын, білсең сол барын, Бос өткізбей ізде зейнет жолдарын (*Ж. Баласағұни*) .

Әдебиеттер:

1. Пинкер Стивен. Тіл – инстинкт. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 жыл. –386 б.
2. Пер-Минасова С. Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл. – 320 б.
3. Бове Куртланд, Тилл Джон. Қазіргі бизнес-коммуникация. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 736 б.
4. Қыдыршаев А. С. Шешендіктану. Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы. – Орал, 2014. -304 б.
5. Қыдыршаев А. С., Төлегенова Д. Қ. Искерлік шешендіктану қағидалары. Орал, 2007. -68 б.
6. Қыдыршаев А. С. Шешен сөйлей білеміз бе? (*Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары*) . Оқу құралы. – Орал, 2017. – 364 б.
7. Қыдыршаев А. С. Шешен сөйлеймін десеңіз. ... (*Шешен сөйлеу әдістемесінің кешенді қағидалары*) . Орал, 2023. - 700 б.

А.С. ҚЫДЫРШАЕВ,

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Ш.М. КОНДУДАЕВА, И.Т. МАСАБАЕВА, С.Ж. МҰХАМБЕТОВА,

Б.С. АХМЕТҚАЛИЕВА, А.А. ҚАНАТҚАЛИЕВА,

М. Өтемісова атындағы БҚУ, II курс магистранттары

Орал қаласы

ШЕШЕНДІК ДАҒДЫ – ТАБЫС КЕПІЛІ

Шешендік өнер қай заманда да, қандай қоғамда да қауымға, көпшілікке қайтарымды әсер ететін, тұлғаның санасын, сезімін баурап, күш-жігерін тасытатын орасан зор қуатты құрал емес пе. Шешендік күні бүгінге дейін күдірет-күшін, қарым-қасиетін жоймаған өнер делінеді. Ендеше, осынау бір таңғажайып тамаша өнердің тұңғығына бойлап, кереметіне кенеліп көргенге не жетсін! Шешендік өнер - сөз өнері, сөйлеу өнері. Аталған сала - өнер атаулының ең қиыны да күрделісі. Ахмет Байтұрсынұлы данышпан сөз өнерінің адам санасының үш негізіне тірелетінін баса айтқан-ды. Біріншісі - ақылға, екіншісі - қиялға, үшіншісі - көңілге. Ақыл ісі - аңдау, яғни, нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі - меңзеу, яғни, ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау, көңіл ісі – тую, талғау. Шешендік өнердің ең күрделілігі - осы үш негізді ажырата білу. Ал осы үш негізді адам санасының игеруі, әрқайсысын орнымен, кезегімен пайдалана білуі - бұл оның еріккеннің ермегі еместігі [1;2].

Қиын да күрделі шешендік өнерін қазақ халқы ертеден ерекше бағалаған. Халық арасындағы шешендік – өз қадір-қасиетін жоймаған, әрқашан дамуын тоқтатпаған ең өміршең өнер. «Бір сөз айтсаң жақсыға, аталы сөзге тоқтайды. Бір сөз айтсаң жаманға, өмірінде ұқпайды. Надандықтың белгісі, өзін-өзі мақтайды. Көкірегі соқырға, өмірде таң атпайды. Шешеннің сөзі

шын асыл, қап түбінде жатпайды» деген тұжырымда Жанқұтты би дүлдүл шешеннің аталы да баталы сөзінің қадір-қасиетін барынша құрметтеп, шын асылға, мол қазынаға, баға жетпес байлыққа теңеген. Шешендік, ең алдымен, көкейдегі ойды жүйелі құрау мен айтылмақ пікірді ұтымды жеткізудің, көпшілік алдында сөз сөйлеу шеберлігінің ең жоғарғы сатысы. «Шешендік - өнер, сол өнермен қарулансаң ғана шешендікті игеруің мүмкін» деген пайымға құлақ қойсаң, жоғарғы қағидалы игерген, сөз өнерінің тұңғығынан сусындаған, тапқыр ойды көркем тілмен өрнектей білетін, оқыс айтылған пікірге қисынды әрі жедел жауап қайтаратын, жүрекке әсер етіп, ақылды бағындырып, адамдарды иландыру секілді ерекше қасиеттерге ие адамдарды шешен немесе ритор деп атаймыз.

Бір шешеннің топты жойқын, буырқанған шабытымен билеп төстейтінін, екіншісі - әсем жеткізу шеберлігімен, үшіншісі – әзіл-оспақ, күлдіргі, айтқыштық талантымен, төртіншісі - жүйелі, сабақтас, анық баяндауымен баурайтындығын айтқан белгілі сыншы В. Г. Белинскийге сүйенсек, шешендердің өз ойын жеткізудің сан түрлі ерекшеліктері мен жолдары бар. Шешен алуан түрлі аудиториямен кездесіп, ой бөліседі. Барлық жердегі тыңдаушылар бірдей болмасы да белгілі. Осындай сәттерде шешеннің әр тыңдаушының санасына сай, қабылдау қабілетіне орай өз пікірін мың түрлі шеберлікпен, тапқырлықпен жеткізе

алуы оның жан-жақтылығын, біліктілігін айқындары даусыз. Десек те, шаршы топтың алдына екінің бірі сөйлеп шыға алмайды. Сөйлесе де, өз сөзі арқылы тыңдаушыны еріксіз баурап, бар жанарды жаулап, жүйелі һәм жігерлі де рухты сөзі арқылы көпке ой тастау – қиынның қиыны. Ал тұлға боламын, күрмеуі көп мәселені шешкім келеді, елімнің жоғын жоқтап, келешегі үшін қызыл кеңірдек боп кеңескім келеді деген адамға міндетті түрде шешендік қажет. Олай болса, шешендік – құрыққа оңай түсетін жуастықтың белгісі емес. Шешендік – асау да арда тұлпар. Сонысымен де шешендік кез келген тұлғаны көкке жетелейді, көпке танытады [2;3].

Біле білсек, барлық заманда да тіл байлығы мен шешендік өнер қатар жүруде. Демек, шешендік білік-дағдыларды қалыптастыру – заман талабы. Ал адам атаулының қай-қайсысы да дұрыс та дәл, әрі шешен сөйлей білуді жете меңгеруге ынталы. Себебі бұл өзге адамдармен жылы да жағымды қарым-қатынас орнатуға және оны сақтауға мүмкіндік береді. Әр түрлі салада жетістікке жетуге көмектеседі. Шешендіктанудың (риторика) ғылым ретінде дамуы мыңдаған жылдарды қамтиды. Әрбір кезеңге сәйкесті оның мазмұны да әрқилы. Ол әдебиеттің ерекше жанры есебінде де, сөйлеу шеберлігінің білгілі бір түрі есебінде де, ауызша сөйлеу ғылымы әрі өнері ретінде де қарастырылады. Қазіргі таңдағы зерттеу еңбектерінде шешендіктану кешенді пән ретінде қарастырылып, құрамына тілдік қарым-қатынастың логикалық, лингвистикалық, филологиялық және тәжірибелік аспектілерін қамтиды. Бұл орайда тәжірибелік тұрғыдағы шешендіктану әрі ғылым, әрі өнер сатысында аталады. Біздіңше, аталмыш ғылым саласына қатысты кейбір білік-дағдылар жиынтығын әрбір кәсіби маман атаулы өз бойына шоғырландыруы тиіс. Мәселен, орта ғасырдағы қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Шалкиіз жырау: «Шешен жігіт – жол бастар, батыр жігіт – қол бастар» деген. Расымен де, сөзді өзіне бағындырған, сөйлеу мәдениетін еншілеген адамға халық арқа сүйейді, оны тірек етеді. Шешен сөйлей білу – тұлға боламын деген әр адамға міндет. Бәрі де – бір-бір миссияның жолында жүрген адамдар. Ендеше, өз миссиямызды толықтай атқарып шығу үшін бізге сөйлеу керек. Жай сөйлеу емес, көсілте, шындықты көрсете сөйлеу керек. Ал тәжірибелік шешендіктану ілімі қарастыра қалғандар әрбір маманға әрқилы аудитория алдында қалай жұмыс жасау, сан алуан адамдармен қалай тіл табысу хақындағы практикалық іс-әрекеттер кешенін ұсынбақ. Ең бастысы өз сөйлеген сөзіне сергек қарауды үйретеді. Нәтижеде қалай сөйлеу және сөйлеу дағдыларымызды қалай жетілдіру амалдары туралы ойлантанды. Ал бұл орайлас білік-дағдылар ХХІ ғасыр арнасында ауадай қажетті, демек, жақсы сөйлей білу – жекелеген адамның істегі табыс кепілі ғана емес, сондай-ақ бұл еліміздің әлеуметтік жағынан өркениетті де сәтті дамуына алғы шарт. Адамдардың тілдік қатынас мәдениеті - қоғамның өркениетті, толерантты және мәдени тұрғыда қалыптасуының алғышарты. Ал бұл іспеттес мәдениет әрқайсымыздың бір-бірімізбен қарым-қатынас жасай білу мәдениетіміз арқылы жинақталмақ. Бұны әрдайым есте сақтау жөн. Сондай-ақ әрбір жас маман осы маңызды салада терең ойлана отырып, бүгінгі таңда елімізге қажетті қоғамдағы мәдениетті де өркениетті коммуникативті қарым-қатынастың қалыптасуына өз септігін тигізуі қажет [2;3;4].

Дау жоқ, жақсы шешен болып қалыптасу көл-көсір тер төгуді, дамылсыз машықтану жұмыстарын талап етеді. Мәселен, Әз Жәнібек хан билерінен: «Жігітке жақсы болу үшін не керек? » деп сұрайды. Қазақтың ауызы дуалы тұлғалары: «Жігітке бірінші білім, екінші ғылым, үшінші ұғым керек» деген. Ал Рим шешені Марк Тулий Цицерон: «Адам бойында талант, терең білім, қалыптасқан дағды болуы керек, осы үшеуі сай болғанда ғана нағыз шешен қалыптасады» деген. Екі ғасырдың ұлы сөз шеберлері бір-бірімен дәл үйлесіп, ойлары бір жерден табылып тұрған жоқ па? ! Ғалым Мәулен Балақаев: «Тіл өнері мен сөйлеу мәдениетінің шыңы – шешендік өнер» дейді. Әр дәуірдің өз тынысы, өз талғамы, заманына сай адамы болғанымен, өнерге деген құрмет пен пайымдау дәлме-дәл келіп отыр. Бұдан байқайтынымыз: шешендік өнердің өлмейтін өміршендігі. Демек, сөйлеу сәтінде көпшілікті сендіре, иландыра, көз жеткізе алуға шешен ойлау заңдарын меңгеріп, композиция және айғақтама ережелерін сақтағанда, сөйлеу мәдениетіне ие болып, өзінің сөйлеген сөзінде жалпы, әлеуметтік психология заңдарын қалай қолдануды білгенде, коммуникативті мәдениеттің нормаларын ескеріп, сөйлеу техникасын үнемі жетілдіріп отырған жағдайда ғана қол жеткізе алады. Бұл ретте кез келген оқулық та, оқу құралдары да тек көмекші рөл ғана атқарады. Олар тек негізгі жолға бағыт қана сілтей алады. Ал нақты білік-дағдыға әркім өзімен жүргізген тынымсыз жұмысы мен шешендік әрекеттің тәжірибесі арқылы қол жеткізеді. Демек, осы ретте тәжірибелік шешендіктану көмекке келмек. Мәселен, Махамбет университеті бойынша өткізілген дәстүрлі шешендік байқауы барысында шешендік өнерді жаңадан бастап үйренушілерге бірқатар тәжірибелік кеңестер мен ұсынбалар берілді. Бір шоғыры мыналар: нақты іске қатысты айтарыңыз болғанда ғана және мәселеге қатысты сөйлеудің қоғамдық мәні барлығына көзіңіз жеткенде ғана сөйлеу; Айтылар сөз талқыланып отырған мәселенің көлемінде ғана болуы, қатаң түрде жете тексерілген, мұқият іріктелген деректерге сүйену; Баяндау тілі мен стилінің аудитория мен сөйленер сөз мақсатына сәйкес болуы; Шешеннің мүмкіндігінше жаттанды кітаби стильден аулақ болуы, ал барлық жағдайда кеңселік стильден қашуы; Аудиторияға құрмет көрсету бағытындағы сөздерді жиірек қолдану; Фразалардың қысқаларын үлкенірегімен алмастырып отыру; Терминдерді жиі қолданбау; Аудиториямен байланысты сәтіммен үйлестіру үшін, тыңдаушылармен ортақ тіл табысуды орнату, аудиторияға достық көңілмен қарау, менмендік көрсетпеу; Тиісінше нық, түсінікті, мәнерлі сөйлеу, сондай-ақ қажет болмаған жағдайда дауыс көтермеу; Өзін-өзі бақылау, өзін-өзі тежеу дағдыларын меңгеру. Сөйлеу сәтінде тыңдаушыларға қатысты жағымсыз эмоцияны танытпау, ал жағымды эмоцияларды кең көлемде жүзеге асыру; Сөйлеген сөздің эмоционалды, қызу болуы, өзіндік идеяға тыңдаушылардың сезімін оятуға ұмтылу. Тыңдаушы атаулының тек сөз тыңдап қоймай, сонымен бірге белгілі бір толғанысты күйді басынан өткере алуы; Аудиториямен байланысты бірер секундқа да жоғалтпай, тыңдаушылардың реакциясын бақылау, беталды босқа сөйлемей; Шешеннің танымалдығы, оған сенім, оның сыртқы түрі, қарым-қатынас мәнері мен тәртібі қаншалықты әр түрлі әлеуметтік топтарға берілген сипаттамалар мен жазылмаған заңдарға сәйкестілігіне бірден-бір байланысты екенін ескеріп отыру; Білмнің қашан да сенімділік, салмақтылық,

жылылық ұялататындай болғаны, ал ишараттың аз-аздан, бірақ дәл де мәнерлі болуы; Тәрбиелеуге бейім сарындылыққа, еш әсерсіз құр ақылғөйсүшілікке жол бермеу, тағы басқа. Қысқасы, тәжірибелік шешендік іс-әрекеттің жемісті дамуына септесер аса қажетті қағидалар сапына шешеннің жалпы мәдениеті; оның өзінің пікір-тұжырымының болуы; қабілеті; өзін-өзі тәрбиелеуі; үнемі өз бетімен білім алуы; өзіндік мәдени деңгейін көтеру бағытындағы жұмыстардың болуын да қосар едік. Демек, әрбір кәсіби маман бойында осы аталған тәжірибелік шешендік білік-дағдылардың болуы - заман талабы [2,15-25-б. б.].

Шешендіктану іліміне сүйене айтсақ, шешеннің сөйлеуінде сөзге өзіндік әсемдік беріп тұратын сан түрлі көркемдегіш құралдар мен айла-тәсілдер қолданылады. Бұл ретте М. Т. Цицерон: «Шешенде диалектиктің тапқырлығы, философияның ойы, ақынның тілі, заңгердің жады, трагиктің дауысы болуы тиіс» деген. Осы Марк Тулий Цицерон тізген топқа шешенде сонымен қатар шырайлы да шуақты, жеңіл де жылы, астарлы юмор болуы тиіс деген пікірдеміз. Демек, шешендіктанудағы юмор аса маңызды. Юмор – әзіл астындағы салмақтылық. Юмор (ағылшын тілінде *humour* - көтеріңкі көңіл-күй) - өмірдегі жағымды объектілер мен болмыстың жеке бір мінін, «әттеген-ай» дегізгерлік әлсіз, жөнсіз жағын жеңіл күлкі, әзіл-оспақпен, көңілді симпатиямен тәлкек студің, бағалаудың бір түрі. Юмор - өмірдегі күлкілі болмыс, құбылыс, факті, оқиғаларға эстетикалық қатынастың бір түрі. Юмор - өмір толқындарындағы құтқарушы шеңбер (Рааббе) . Астарлы юморды, ең алдымен, қажетті жерде ұтымды пайдалана алу қабілеті – әрбір шешеннің тыңдаушысын жалықтырып алмауы үшін, сөйлеп тұрған аудиторияға асқан қаталдықпен емес, көтеріңкі көңіл мен жылы күлкі орнату үшін аса маңызды құралдардың бір түрі. Виктор Гюго «Күлкі күн іспеттес, ол адам жүзінен қысты қуады» деген. Кейде түндей түнерген, қабағынан қар жауған, көңілсіз аудитория мен тыңдаушыларға тап болып жатамыз. Осы кезде білік-дағдылары бойына толық дарыған іскер де шебер шешен сөз арасында астарлы юморды пайдалана отырып, кез келген көңілсіз күйге жылы күлкі мен шуақ ұялатып, аудитория мен тыңдаушыға ерекше бір әсерлі сезім сыйлайды. Юмор - адам бойына табиғаттан даритын ерекше қасиет, сондықтан да юмордың кез-келген адамның бойынан табылмайтындығы сөзсіз. Ал енді юморға қандай адамдар икемді, бейім болады? Біздіңше, олар сан қилы. Мәселен, өзінен гөрі басқаның қамын ойлайтын адамға, болашаққа сүйіспеншілігі, жан жылылығы мол, кешірімді, қайырымды адамдар юморист болады. Юмор - батыл, туралықты айтудан тайынбайтын, қорқақтыққа, сасқалақтыққа бой алдырмайтын, дертті түйреп тастайтын адамдардың үлесі. Юмор – үлкен рухани, идеялық күштіліктің белгісі. Юморға біреудің табысына, жақсылығына қуана білетін, басқаны, жалпы адамды сүйетін, құрметтейтін, соларды қуантуды ғанибет санайтын, жұртпен сырласып, әзілдесуді мұрат тұтатын адамдар бейім келеді. Юмор - жаны сау, тәні сау, көңіл-күйі жақсы, әлеуметтік теңдігі, өзіндік пікір білдіруге еркі бар адамдардың сыбағасы. Осы іспетті тұжырымдарға қарай отырып, біз бойында юмористік қабілеті бар адамдардың осал еместігін аңғарамыз. Ал біз шешен адамдарды юморға икемді адамдардың қатарына оңай кіргізе аламыз, себебі нағыз шешеннің тұлғасында юмордың кішкентай болса да жұрнағы болуы әбден заңды. Сондай-ақ, юмор - өнер. Ол да

оқуды, тоқуды, көп ізденіп, тәжірибе жинауды, қақтығысқа жиі түсіп ысылуды қажет етеді. Осыны ескерген көп ел әзіл- қалжыңға, қуақылыққа жаттығу жұмыстарын өткізіп отыруды дәстүрге айналдырған. Мәселен, әр жылы қыс күндерінде Сербияда тапқырлықтың, өткір де уытты айта білудің республикалық турнирі өткізіліп тұрады. Жыл сайын Болгарияның Габрово қаласында да күлкі жарысын өткізіп отыру дәстүрге айналған. ... [4;5].

Біз – шешендігі судай төгілген халықпыз. Түгел сөздің түбін түсірген, аталы да, баталы да сөз қалдырған түп атамыз Майқы бидің ұрпағымыз. «Сылдырап өңкей келісім» деп Абай айтпақшы, өлең сөзге дес бермеген, ауылдың алты ауызын аңыратып, ердің құнын екі-ақ ауыз сөзбен бітіретін данышпан халықтың перзентіміз. Сондай-ақ, қазақ - қалжыңқой халық. Ол отбасы, ошақ қасында, той-томалақ, ас- айтта, басқосу отырыстарында қалжыңдаспай, қағыспай, іліп-шалысып, күліспей отыра алмайды. Отырыста, кездесуде күлкі келтіріп, көңілділік тудыратын, жақсылық ниетпен ғана, риясыз іліп-шалатын жылы юмордың жөні бөлек. Демек, дос-жаран, құрдастардың арасында, дастархан басындағы салмақты достық әңгіменің барысында шешендік өнеріңізді пайдалана отырып, айналаңыздағыларды сергітіп, сәл күлдіру үшін юмористік қабілетіңізді барынша салып отырсаңыз сіздің беделіңіз арта түсетіндігі сөзсіз. Сонымен қатар юморды түсінетін және түсінбейтін орталар бар. Сіздің жылы да жеңіл юморыңызды кейбіреулер мені келеке етіп тұр немесе менің айтып тұрған салмақты, өте маңызды пікірімді қалжыңға айналдырып, мазақ етіп отыр деп қабылдайтындар да жоқ емес. Сондықтан да юморды қабылдай алатын, қалжың пікірге қалжыңмен жауап қайтара алатын, жалпы юморды, юмористік қабілетті бағалай алатын ортаны ажырата білу де шешеннің маңызды білік-дағдыларының қатарына кіреді. Юморлық сезім, юмористік қабілет дарыған шешен ғана өмір қайшылықтарын, болмыстағы үйлесімсіздіктерді көре біледі, көрсете біледі. Күлкілі құбылыстарды, тұрмыс-тіршіліктің жағымсыз жақтары мен жарамсыз белгілерін келемеж ете алады. Қысқасы, Дельфина Жирардендің күлкі шындыққа негізделеді дегеніндей, шешендіктанудағы юмор ақиқат, шын нәрсені әсерлі етіп жеңіл күлкімен жеткізеді. Ал юморды дамыта түсу, ой-қиялды тәртіпке келтіру, адамдарға ләззат, сүйіспеншілік әперер құрал ретінде дамыта беру, сөз қадіріне жетіп, кісіні құрметтеу, көңіл қалдырмау, абайлап сөйлеуді дәстүрге айналдыру өскелең ұрпақтың еншісінде. .. Қысқасы, шешендікті ұлттық құндылық көзі десек, шешендікке қатысты жоғарыда шегелей айтылған білік-дағдылар жиынтығын кімге жұғысты етпекпіз, қалай жұғысты етпекпіз? Әрине, жастарға. Жиренше шешен айтпайды ма: «Төрт нәрседе үміт бар: жас өсемін деп үмітті, жалғыз көбейемін деп үмітті, жарлы бай боламын деп үмітті, ауру жазыламын деп үмітті. Көктем мен жазы кетіп, жапырағы қураған ағаштай ұрты солып, жағы суалған кәрілікте ғана үміт жоқ» деп. Бұған Әбіш Кекілбайұлының «жалпақ әлемді аузыңа қарату үшін, рухани ерлік керек, жалпақ әлемге қысылмай, қымтырылмай қарау үшін, рухани байлық керек» деген тұжырымын қоса кетелік. ..

Тап осы кең көлемді кешенді мақсат үдесінде Махамбет атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Рухани жаңғыру» институтының ұйымдастыруымен тұрақты жүргізілетін «Шешендік – тұлға көркі» акциясы аясында дәстүрлі «Үздік шешен студент» байқауы

өткізілді. Бұндай үрдіс Қазақ елінің әрбір білім ордасында болса керек-ті. Осы іспетті ел болашағы жастарымызға аса керекті игі шараны қолдай отырып, бұған қоса айтсақ, Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында құр дақырт үшін жасалатын әрекеттерді доғару керектігі орынды айтылған-ды. Мемлекет басшысы: «Білімді және бірнеше тілді меңгерген ұрпақ болашаққа сеніммен қадам басады. Біздің күшіміз жастардың білімінде. .. Кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы қажет. Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек. Қандай кәсіппен айналыссаң да, оны сапалы атқару маңызды. .. Жастар нақты бір мамандықтың қыр-сырын жетік білуге ұмтылғаны жөн. Өз саласының шеберіне әрдайым сұраныс болады. Өскелең ұрпақ Қазақстанда ғана емес, өзге елдерде де бәсекеге қабілетті болуы керек» деген-ді [1,1-4]. Демек, шешендік дағды – ұлттық ділімізге тән ауадай қажет білік. Осы жолда бүгінгі жастарымызға шешендік дағдылары ауадай қажет. Себебі шешендік хақында небір ойшылдар тұжырымына сүйене тағы да айтсақ, «Өнердің ең алды - сөз өнері. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» (Ахмет Байтұрсынұлы) . «Егер де көкте құдайдың, кеудемізде жанның бары рас болса, онда адамзат тірлігі де риторикадан ажырағысыз» (С. Лихуд) . «Сөздің мағыналық тұңғығына терең бойлай білгейсіз, сонда сіз мына жарық дүниені адасудан жартылай құтқарасыз» (Р. Декарт) . «Зиялы адамның татымсыз да нашар сөйлеуі - сауатсыз адамның оқи, жаза алмауымен бірдей» (А. П. Чехов) . Демек, шешендік өнер - адам өмірінің әрқилы ішкі үдерістерін бейнелеудің озық тәсілі, өзгелерді өз еркіне бағындырудың аса күшті қаруы, жанды қарым-қатынастың амалы ретінде сөз сөйлеу сиқырына ие болғызатын шын мәнінде адамның құдіреттілігін танытатын көп қырлы ілім. Сөз сөйлеу құдіретіне ие болу – адамның жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрінен де жоғары сатыда екендігін танытатын, адамды адам етіп тұрған адамзат баласының ұлы қабілетінің бірі. Тілсіз, сөзсіз, сөйлеу дағдыларынсыз адам өмірін біздің көз алдымызда елестету мүмкін емес, оларсыз адам ғұмыры мағынасыз. Жалпы шешендік өнер тек шартты түрде ғана өнер делінеді, ал шын мәнісінде, бұл – бойында бұған қатысты аса қажетті белгілері жоқ болса да, әрбір адам игере алатын басым дәрежедегі шығармашылық іс-әрекет те. Әрбір сауатты адам үздіксіз де қажырлы, мақсатты да ұмтылысты еңбектің нәтижесінде шешендік өнер негіздерін, яғни, аудитория алдында түсінікті де қызғылықты және иланымды сөз сөйлеу білігін әбден меңгере алады. Шешендік сөз – жанды сөз әрекеті арқылы көрініс беретін эмоционалды-интеллектуалды шығармашылықтың ерекше бірегей түрі. Шешеннің психологиялық мәдениеті – адамның психикалық әрекетін танытатын білімдердің жиынтығы және бұл білімді адамдармен жұмыстың нақты жағдайында қолдана білу. Шешен этикасы – адамгершілік нормаларының, бағдарлау құндылықтарының, оның өз міндеттеріне, жұмыс мақсаттарына, тыңдаушыларға қатынасын айқындайтын тәртіп ережелерінің жиынтығы. Мұғалімге не үшін сөз

беріледі? Мұғалімге сөз өз ойын сапырылыстырып айту үшін емес, оқушының ойына қозғау салу үшін беріледі. Ал педагогикалық әңгіме өткізуге төселу үшін, тіпті дарынды адамның өзіне де көп көмек керек [3;5;6].

Махамбет университетінде екі жылда бір өткізілетін дәстүрлі университетішілік «Үздік шешен студент» байқауының ұйымдастырушысы және ғылыми жетекшісі – профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы. «Үздік шешен студент» конкурсына қатысушы конкурсанттарды бағалауда (Бес ұпайлық өлшеммен) төмендегіше қағида-талаптар ескерілді: Конкурсант сөзінің кіріспе бөлімінің сәттілігі; Іріктеліп алынған тақырыптық афоризмдерінің сәйкестілігі, сайлығы; Сөйлеу ырғағы мен дауыс тонының үйлесімділігі; Сөйлеу стилі мен тілін бағалау; Регламентті ескеруі; Шаршы топ алдында өзін-өзі ұстай білуі; Сөзінің тартымдылығы, тақырыптың ашылуы; Сөйленген сөздің өзіндік ерекшелігі; Ой мазмұнының толықтығы, түсініктілігі; Конкурсант сөзінің сенімділігі; Қорытындысының үйлесімділігі. Ал шешендік байқауының модераторлары ретінде Тастенов Айтуған Шаймарданұлы (Фил-43-топ студенті, «Филология: қазақ тілі» мамандығы) , Жасқайратова Дильназ Руфатқызы (Фил-43-топ студенті, «Филология: қазақ тілі» мамандығы) , Қыдыршаев Мақсат Абатұлы (ИЯ-41-топ студенті, «Шет тілі: екі шет тіл» мамандығы) болып белгіленді. Ал бұл күні байқауға қатысқан конкурсанттар легі төмендегіше: 1. Шешендік – тұлға сәні (Речь – образ души) . Гүлжаз Сайынова, Шұғыла Еңсеп, «Филология: қазақ тілі» мамандығы, Фил-41-топ студенттері; 2. Шешен сол - сөйлер сөзден қамалмаса (Нужно говорить громко, чтобы тебя услышали. Нужно говорить тихо, чтобы тебя слушали) . Гүлназ Есламғалиева, Ботагөз Өтегенова, Фил-41-топ; 3. Шаршы топта сөз бастау қиын (Талант делает, что может, а гений - что должен) . Жайнагүл Ғалымова, Аяжан Кәрім, Фил-41-топ; 4. Сөз сөйлеуге даярлық - демосфендік дағды (Когда суть дела обдумана заранее, слова приходят сами собой) . Айнуір Базарова, Айгерім Бауыржанова, Фил-41-топ; 5. Шешеннің тілі - шебердің бізі (Хороший язык - доброе оружие) . Гүлнұр Көшербаева, Гүлімжан Нұрбақыт. Фил-41-топ; 6. Әр сөздің айтылуына қарай мың мағынасы бар (Красноречие - это искусство убеждения) . Гүлайым Мақсотова, Анэля Жоньсова, Фил-41-топ; 7. Сөйлесу – бірлескен күш-жігермен салынатын ғимарат (Разговор – это здание, которое строят совместными усилиями) . Абыл Жайна, Әділ Ахметов, Фил-41-топ; 8. Ұстамды әрі орынды сөйлеу ділмарлықтан көп артық (Наружность и манеры более выразительны, чем слова) . Сымбат Бөкенбаева, Аида Оразова, Фил-43-топ; 9. Ең қысқа сөз - мағыналы көзқарас (Те, которые умеют хорошо говорить, те говорят коротко) . Алтынгүл Фазылова, Айна Молдабаева, Фил-43-топ. ; 10. Үндемегеннің өзі де жауап (Иногда молчание бывает выразительнее речей) . Зухра Рысқалиева, Дәметкен Сағынбаева, Фил-43-топ; 11. Сөзге сақ болу шешендіктен де асқақ (Остороженность в словах это выше, чем красноречия) . Күншуақ Жами, Ақтоты Қадерова, Фил-41-топ; 12. Тыңдай білу – ұлылық (Пользуйся чаще ушами, чем языком) . Дильназ Жасқайратова, Нейля Камун, Фил-43-топ; 13. Аузында әзілі жоқтың қолында шокпары бар (Юмор – это способность видеть три стороны одной медали) . Айдана Мақсотова, Әдемі Қоңқакова, Фил-43-топ; 14. Ақылды адам сөзді нақылсыз айтпайды, Бір айтпаса нақылды ақылсыз айтпайды (Пословица – соль

речи) . Аружан Елтаева, Тоғжан Ермек, Фил-43-топ; 15. Жүйелі сөз – киелі (Кто ясно мыслит, тот и ясно излагает) . Тоғжан Байкенова, Фил-43-топ; 16. Көңіл – қазы, көз – таразы (В звуке голоса, в глазах и во всем облике говорящего заключено не меньше красноречия, чем в выборе слов) . Жансая Сарыева, Айым Қойшыбай, Ернар Тәжімағанбет, Фил-43- топ; 17. Ымға түсінбеген, дымға түсінбейді (Когда слова не бьют, то палка не поможет) . Арай Зайдекенова, Айтуған Тастенов, Фил-43-топ. Нәтижеде шешендік байқауының қорытындысы бойынша Бас жүлдені "Филология: қазақ тілі" мамандығының 4-курс студенті Абыл Жайна мен "Қазақ тілі мен әдебиеті" мамандығының 3-курс студенті Ахмет Әділ иеленді. Кейінгі орындар иегері атанған сәйкесті жеңімпаздар төмендегіше: I орын: "Филология: қазақ тілі" мамандығының 4-курс студенттері Айтуған Тастенов, Арай Зайдекенова; II орын: "Филология: қазақ тілі" мамандығының 4-курс студенттері Дильназ Жасқайратова, Нейля Камун; Сымбат Бөкенбаева, Аида Оразова; III орын: "Филология: қазақ тілі" мамандығының 4-курс студенттері Зухра Рысқалиева, Дәметкен Сағынбаева; Тоғжан Байкенова; Гүлнұр Көшербаева, Гүлімжан Нұрбақыт. Ал байқау барысындағы белсенділіктері үшін Ернар Тәжімағанбет, Жансая Сарыева, Айым Қойшыбай, Алтынгүл Фазылова, Айна Молдабаева, Айдана Мақсотова, Әдемі Қонқақова, Гүлжаз Сайынова, Шұғыла Еңсеп, Гүлайым Мақсотова сынды студент-конкурсанттарға алғыс жарияланды. Байқау жұмысын «Сөзің – өзің» (Поэтами рождаются, ораторами становятся) тақырыбында педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының

академигі, «Рухани жаңғыру» институтының директоры - Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев қорытты. Байқау барысында университеттің Ғылыми кітапханасы «Шешендік – жастар көркі» атты кең көлемді көрме ұйымдастырды.

Сөз соңында шешендік жастар көркі екенін баса айта отырып, жастарымыз шешен сөйлеймін десе, мынадай қағидаларды ескеруі тиіс деп білеміз: Тіл – сананың қызметшісі; Тілде сүйек жоқ, бірақ сүйек уатады; Адамның сөзі – оның ақылының өлшемі; Көз жанары сөзден де ұғынықтырақ; Көз де ерін сияқты шешен; Адамды сөзінен, есекті құлағынан таныр; Өзіңді кім тыңдап отырғанын біліп қана сөзіңді баста; Сөзді тыңдайтын жерге айт, суды өнетін жерге сеп; Алдымен тыңда, содан кейін ғана сөйле; Жақсы сөз – қысқа сөз; Көп білсең де, аз сөйле; Не болса соны айтқан адам өзі қаламаған сөзді естір; Сөздің мағынасы қалай мәнерлеп айтылғанынан танылар; Бір сөздің өзі бірде қатқыл, бірде жұмсақ естіледі; Нені айтсаң, соны ойла, бірақ ізетпен сөйле; Бір сөзді екі рет қайталасаң иістенеді; Қылышыңды екі суырма, сөзіңді екі қайталама; Оқығаныңды емес, түйгеніңді айт; Анық сөйлегің келсе, ашық сөйле; Сөз тәмсілмен тамаша; Мақал айттың – жол сілтедің, мәтел айттың – жан жұбаттың; Мазмұнның жұпынылығын ұйқаспен де, сәнмен де жасқай алмассың; Жақсы сөз аязда да жан жылытар [6]. Иә, жас ұрпаққа төгіп-төгіп төпелеп жіберер халқымыздың бойындағы шешендік қасиет дарыса, ол ата-баба қанымен жеткені деп бағалаймыз. Ұлттық қазынаның қазаны ортаймағай, ел еңсесі биік, ұрпағы – ұлдары көсем де шешен, қыздары әсем де абыройлы болғай!

Әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы// «Egemen Qazaqstan» газеті, №167, 02 қыркүйек 2022 ж. , 1-4-б. б.
2. Қыдыршаев А. С. Шешендіктану. Орал, 2014. -208 б.
3. Қыдыршаев А. С. Шешендіктану. Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы. – Орал, 2014. -304 б.
4. Қыдыршаев А. С. , Төлегенова Д. Қ. Іскерлік шешендіктану қағидалары. Орал, 2007. -68 б.
5. Қыдыршаев А. С. Шешен сөйлей білеміз бе? (*Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары*) . Оқу құралы. – Орал, 2017. – 364 б.
6. Қыдыршаев А. С. Шешен сөйлеймін десең. .. (*Шешен сөйлеу әдістемесінің алтын қағидалары*) . Орал, 2023. -700 б.

СЕЙТЖАПБАРОВА БАЛЖАН СЕЙДАХМЕТОВНА,

"Жанерке" бөбекжайы жеке мекемесі

"Қарлығаш" ересек топ тәрбиешісі

Түркістан облысы, Сайрам ауданы

ТӘРБИЕШІ БОЛУ – БАҚЫТ

Тәрбиеші болу үшін, тәрбиеленген болуың керек.

Антон Макаренко

Баланың тұлға болып қалыптасуында балабақшаның алатын рөлі ерекше. Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы мен баланың қалыптасу ортасы. Тәрбиені жас сәбидің тұла бойына сіңіріп оның келешекте парасатты азамат болып қалыптасуына бар күш жігерін арнап жүрген бала бағбаны, ол – тәрбиеші. Әрбір бала өзінше бір әлем. Олардың өзіндік жан дүниесін жүзінен байқап, көңілін көтере білу қажет.

Тәрбиеші – балалармен тығыз байланыс жасау арқылы болашақты айқындайтын мамандықтың бірі деп

танымын. Тәрбиеші. ... ! Бұл әрдайым үлкен әріптермен жазылуға тиіс мазмұнды да, мағыналы сөз деп білемін. Себебі: біз елдің ертеңгі азаматтарын тәрбиелеудеміз. Сол арқылы біз жас ұрпаққа сапалы да қазыналы, білімді мемлекетіміздің жеткіншектерін тәрбиелеу үстіндеміз. Тіл арқылы бала бойына ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрлерімізді, рухани қазыналармызды бойларына сіңірудеміз. Жауапкершілігі мол қастерлі де жолы қиын мамандық иесі болудың да адамдарға берер сыйы мол. Сол арқылы бала бойындағы мейірімділікті сезіне отырып, баланың бойына сенімділікті арттыра аламыз. Тәрбиеші болу – бұл бала жанын тереңнен сезінетін, өз ісін жан-жақты білетін бүлдіршіндерді жан тәнімен сүйе

алатын, оларды бағалай білетін нағыз маманның қолынан келетін жұмыс.

Қиындығы мен қызығы, ауыртпалығы мен жауапкершілігі қатар жүретін осы еңбек жолындағы менің педагогикалық ұстанымым – үнемі жаңалыққа ұмтылып, алдыңғы қатардан көріну және әр балалардың бойынан жылт еткен жақсылықты, талап пен талантты тауып, бұлақтың көзін ашу, биікке жетелеу, сондай ізденістер арқылы биік мақсаттарды орындау. Қазір мен жас маманмын, ендігі алға қойған мақсатым – білікті тәрбиешілердің қатарынан көріну, ұлағатты тәрбиеші болу.

Бала жүрегі – мейірімділікке толы, нәзік те қайталанбас жүректердің бірі. «Бала жүрегі – кішкентай күй сандық. Сол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Тәрбиешінің қолында әр кезде сол кілт тұруы керек» деп

Мұхтар Шаханов атамыз айтқандай әр баланың жүрегіне жол табып, бала бойындағы дарынды ашымуыз керек.

Қазіргі кезде тәрбиешіге жүктелетін талаптар мен міндеттер де аз емес. Баланы сауатты да білімді етіп тәрбиелеу үшін шыдамдылық, ажырату, білгірлік, білімділік қасиеттерін талап етеді.

Тәрбиеші өз шеберлігін педагогикалық жетістіктерін және алдыңғы қатарлы ең озық тәжірибелерді қолдана отырып әрдайым өзін шыңдап отыру қажет. Әрқашан алға жылжып, жаңашыл инновациялық технологияларды, дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерді, ауызша халық шығармаларын ұмытпау қажет.

Тәуелсіз елдің жас ұрпағын лайықты түрде тәрбиелеу – біздерге артылған аса жоғары міндет. Осы міндетті орындау үшін әрбір тәрбиеші жанын салады.

КЕМБЕВА ЖАРҚЫНАЙ ДАУТБЕКОВНА,

"Жанерке" бөбекжайы жеке мекемесі

"Ақкөгершін" ересек топ тәрбиешісі

Түркістан облысы, Сайрам ауданы

ТӘРБИЕШІ – ҰЛЫ ТӘРБИЕНІҢ ТІРЕГІ

«Ел есінде бір жыл қалғың келсе - ас бер, он жыл қалғың келсе - ағаш отырғыз, ал мәңгі қалғың келсе - бала тәрбиеле» дейді дана халқымыз. Баланың ой - өрісін дамытуға, олардың қиялына қанат бітіріп, тіл байлықтарының молаюына біздің тәрбиешілердің сіңіріп еңбегі орасан. Сондықтан да сөзіміз – түзу, Еңсеміз – биік, Рухымыз – мықты болсын десек бірегей тәрбиеші мамандығын ұлықтай білейік.

Мен бүгін

Ерекше бір сезіммен ояндым,

Сәулелі шуақты ақ таңға боядым,

Жүректе қуаныш, бойда күш тасыған,

Өмірімнің мәніне айналған,

Бүлдіршіндерді көремін тағы да қасымнан!

Мынау менің балабақшам. ..

Мынау менің кішкентай бөбектерім. ..

Әр күні олардың сүйкімді жүзін көргенде еріксіз күлімсіреймін. Өйткені олар мені қуана қарсы алады. Қуанышын жасыра алмай еркелей алдыма келеді. Бір үйдің үміті, шырағы, аяулысы, ардағы, еркесі, бұзығы, қызығы. Мен олармен бірге жүрсем, балаша қуанып, мына өмірге балаша қарағым келеді.

Мен тәрбиешімін. ..

Осынау мамандықтың қызығы мен қиындығын өзі бала ортасында жүрген жан ғана түсіне алады. Жер бетінде тәрбиеші алдын көрмеген адам кем де кем, мүмкін бұл мамандық содан киелі шығар. ..

Дән егіп өсіруден, балапан салып ұшырудан бала тәрбиелеп, балабақшада бүлдіршіндерге өмірде не дұрыс, не бұрыстығын түсіндіріп өсіру ең қиын іс дер едім. Өйткені егінші көктемде алдағы жайма шуақ жазға арқа сүйеп егін егеді. Ал құс көктемде ұя салып, күздің суығында балапанын қатайтып ұшырады да нәтижесі бірден көзге көрінеді.

Ал тәрбиеші ше?

Күздің қоңыраулатқан күніне де, қыстың қаһарына да, көктемнің лайсаңына қарамай табиғат ананың жаңаруымен бірге құстарын баптайды. Бір қарағанда, тәрбиеші тірлігі диқан мен құс сияқты болғанымен, табиғат кезеңіне қарсы жүзіп өз дәнін

шашатын диқан, балапанын баптаған құс сияқты. Бірақ нәтижесі бірден көзге көріне қоймайды. Көп жылдар өте, кезінде алдында бүлдіршін болған азамат асқар таудай өсіп, еліміздің мақтанышына айналса - міне, нәтиже.

Мен балаларды жанымдай жақсы көрем. ..

Өйткені бала мен үшін тазалық пен пәктіктің, шынайылық пен туралықтың айнасы. Олар қуанса шын қуанып, ренжесе шын ренжи біледі. Олардың жаны жалғандықты, жасандылықты сүймейді, не айтса да әділ, шындықты айтады. Көздері мөлдіреген, жүздерінде күлкі ойнаған балаларға қарасаңызшы. ..

Адам баласы балалық шақта қандай сұлу, қандай нәзік, қандай аңғал, қандай таза еді. ..

Әр бала өзінше бір әлем. ..

Жаны жақсылыққа құмар, арманшыл. ..

Тәрбиеші мамандығының киесі де, қиындығы да осы періштелерді үлкен өмірге, қалтарыс - бұлттарысы көп өмірге даярлап, қанаты қайырылмайтынды етіп тәрбиелеуде емес пе? !

Жасыратыны жоқ, осы мамандықты таңдаған жандардың кәсібіне көңілі толмай қиындығын айтатындары көп, ал мамандығын өзгертетіндер сирек. .. Оның себебі, сүйкімді балалардың киелі ортасы тәрбиешінің нәзік жіппен өзіне байланыстырып қоятынды.

Мен балабақшада үшінші жыл еңбек етудемін, бұл еңбектен ешбір жалыққан емеспін. Өйткені менің жас бүлдіршіндерге арнаған осы уақытымды өмірімдегі ең бір бағалы уақытым, бақытты кездерім деп айта аламын.

Күнде ертеңгісін балабақшада жас бүлдіршіндерді қарсы алып, олардың жағымды үндерін, сыңғырлаған тәтті күлкілерін, «Сәлеметсіз бе? », «Қайырлы таң! » деген сөздерін естігенде, бойым бір серпіліп қалғандай болады. Балалармен болған әрбір уақытым мені жаңа бір әлемге жетелегендей. Әрдайым балалардың маған деген ықыласын, маған ұмтылған үмітке толы көздерін, не нәрсені білуге құштар шабытты, сұраулы жанарларын байқаймын. Олардың менен күтетіндері өте көп екенін сеземін. .. Балабақшаға

бара жатқанда басыма сол күннің жұмысы туралы неше түрлі ойлар келеді. Ойларым сан түрлі болады: менің кішкентай достарым қандай көңіл күймен келер екен? Күніміз қызықты өту үшін оқу іс - әрекетін, ойын түрлерін қалай өткізсем екен? ..

Әрине әрбір оқу іс - әрекетіме жауапкершілікпен қарап, дайындалуды еш жадымнан шығарған емеспін.

Әрбір оқу әрекеттерім жас бүлдіршіндер үшін өз құпиясын ашқан сыр сандықтай болса, өзім сол тылсымы мол жұмбақ әлемнің сиқыршысындай боламын. Әр күннің сәтті шығуы, әрине өзіме байланысты.

Жас өспірімдерді тәрбиелеуде ерекше қабілет пен асқан біліктілік, балаға деген сүйіспеншілік қажет. Өз педагогикалық тәжірибемде, қандай білім беру саласында болмасын әр жұмыстың тартымды, сәтті шығуы тәрбиешінің бала назарын еріксіз оқу іс - әрекетіне аударту, баламен оқу іс - әрекеті үстіндегі әрбір қарым - қатынасты шебер ұйымдастыра білуіне байланысты екеніне көзім жетіп жүр. Көбінесе жұмысымның негізгі бөлімдеріне ғана назар аударылып, ұйымдастыру бөлімінде өткізілетін психологиялық тренингтер, сергіту сәттерінің алар орны ерекше. Мысалы, «Әуенді шапалақ», «Банан, банан, кокос» тренингтерінде тәрбиеленушілерім ерекше көңіл күйге бөленеді. Ал мерекелік іс - шараларда «Шалқан», «Қасқыр мен жеті лақ», «Бауырсақ» ертегілерін сахналағанда түрлі рөлге енемін, бірде ақшақар, бірде шалқан, бірде сайқымазаққа айналғанда балапандарымның қуанышын сөзбен жеткізу мүмкін емес. Алдыма келетін балаларды үлкен жауапкершілікпен осы ғажайып әлемнің тылсымына ендіру маған үлкен ләззат сыйлайды. Педагогикалық шеберліктің мәні алдымен қызықтыру, сонан соң үйрету деген тұжырымдамасын негізге аламын. Менің негізгі мақсатым – балаларға жақсы көңіл - күй сыйлай отырып, саналы тәрбие, сапалы білім беру. Өзімді жұмыс барысында балаларға бағыт беруші, жол сілтеуші сезінемін. Бұл балалардың өзіне деген сенімін арттырып, оқу іс - әрекеттеріне деген тұрақты зейінін қалыптастыруға, қызығушылығын оятуға жағдай туғызады.

Тәрбие – отбасынан басталатындықтан қашанда тәрбиеленушінің ата - ана, жаңұясымен жете танысып, үнемі қарым қатынаста болуды өзіме басты мақсат етемін. Ол біздің ортақ баламыз екендігін сезінуге үйретуге тырысамын. Бірде кезекті ата - аналар жиналысының бірінде әңгімені былай бастадым:

Бір бала анасына келіп:

- Ана, сен мені жақсы көресің бе? – депті.

- Әрине, сен жақсы болсаң ғана жақсы көрем, – деп жауап қайтарыпты анасы.

- Ал, мен сені үнемі жақсы көрем, - деген екен сонда баласы.

Сол кезде аналарымның көздеріне жас келгенін байқадым. Енді олар балаларына басқаша қарайтынын сезіндім. Кез - келген бала – дарынды немесе дарынсыз болсын, жылдам немесе ақырын қимылдасын – бәрібір өзіне деген сүйіспеншілік пен құрметті қалайды. Сондықтан да әр баланың жанын түсініп, мақтап, қолпаштап, көмек көрсету арқылы қызметімде тек қана жақсы жетістікке қол жеткізетініме сенемін. Тәрбиеші деген сөздің мағынасына үңілсек, мақсаты тәрбие беру екенін түсінеміз. Адамның жаны мен тәні қашанда тәрбиеге мұқтаж екендігін ескерсек, тәрбиешіге артылар жүк жеңіл еместігіне көзіміз жетеді. Балабақшада дұрыс тәлім - тәрбие бере алсақ, ол ертең мектепке барып саналы түрде сапалы білім алуға тырысады. Соның нәтижесінде елін сүйген азамат болып шығады. Біз, тәрбиешілер, түрлі болашақ маман иелерін тәрбиелеп жатырмыз десем артық болмас. Болашақ заңгерлерді - әділдікке үйрету, дәрігерлерді - жауапкершілікке баулу, мейірімділікке үйрету, құрылысшыларды - нақтылыққа тәрбиелеу – барлығы тәрбиешінің қолында. Сондықтан да өз бойымызда әділдік те, мейірімділік те, жауапкершілік те болу қажет. Тәрбиеші жұмысы – оңай жұмыс емес. Бірақ абыройлы, сыйлы. Жақсы тәрбиешіні балалар ешқашан ұмытпайды. Оған мысал, көктемде ғана қимастықпен мектепке дейінгі даярлық тобына шығарып салған тәрбиеленушілерім. Олармен кездесе қалсам, маған ұмтылған сағынышқа толы жанарларын көремін. Сол кезде балабақшадағы қызықты қылықтары, бұзықтықтары есіме түседі. Бірін ұмытпайды екенсің. ..

«Білерім - бір тоғыз, білмейтінім - тоқсан тоғыз» демекші, білген сайын білмейтінін көп екенін ұға түсесің. Сондықтан да шығар белестерім әлі алда. Білімді кеңейтіп, тәжірибе жинау алдымда. Білімді ешқашан өзін білгіш қып көрсетуге тырыспайды. Шын білімдінің зейін - зердесі кең, алыстан қарасаң - кербез, жақыннан қарасаң - кішіпейіл. Жүзіне үңілсең - мейірімді, жанына үңілсең - шуақты көрінбек.

Міне, осындай кербез, кішіпейіл, мейірімді, шуақты тәрбиеші атансам - адами парызымның орындалғаны болар.

ЖЕКЕБАЗАРОВА САНИМ ЫНТЫКОВНА,

"Жанерке" бөбекжайы жеке мекемесі

Ересек топ тәрбиешісі

Түркістан облысы, Сайрам ауданы

ӘЖЕМНІҢ АСЫЛ БҰЙЫМДАРЫ

Мақсаты: Қазақтың ұлттық бұйымдарымен таныстыру; қолданатын бұйымдарды ою өрнектерімен безендіру жолдарын геометриялық фигуралар салу арқылы көрсету, балалардың көркемдік талғамын дамыту. Әдемілікті сезіне білуге, әдептілікке тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: Ою-өрнектерімен безендірілген тұрмыстық заттар, слайд, геокант ойыны.

Қажетті құрал-жабдықтар: Бояулар, қылқалам, қағаз, су, сүлгі, баяу әуенді

Полингвалды компонент: Өрнек-орнамент-ornament.

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Себепті қызығушылығын ояту кезеңі	Шаттық шеңбері: Армысың алтын күн Армысың жер ана Армысың көк аспан Армысың достарым! Ғажайып сәт: Электронды поштаға хат келді. Достарымыздың сұрақтарына жауап берейік -Қазір жылдың қай мезгілі? -Көктем мезгілінде қандай ұлттық мерекемізді тойладық? -Наурыз мерекесінде қандай киім киеміз? -Ұлттық киімімізді, ұлттық бұйымдарды немен безендіреді? Полингвалды компонент Өрнек-орнамент-ornament	-Балалар шеңбер жасап тұрып, қимылмен көрсетеді Көктем мезгілі. Наурыз мерекесі Ұлттық киімімізді киеміз Ою-өрнектермен безендіреді Өрнек-орнамент-ornament
Ұйымдастырушылық –ізденістік	-Балалар қандай ою-өрнектерді білесіңдер? -Ендеше осы ою-өрнекпен безендірілген ұлттық бұйымдарымыздың көрмесін тамашалайық. -Кәне кім ою туралы тақпақ, мақал-мәтел біледі? -Тірек кесте арқылы тақпақ айту. Сергіту сәті Дөңгеленіп тұрамыз Керегені құрамыз Уық болып иіліп, Шаңыраққа киіліп Киіз үйді құрамы -Шеберханамызға барып, көрпешені оюмен безендірейік, алдымен саусақ жаттығуын жасап аламыз. Анаммен сурет саламын Міне басы, міне іші Аяқтары, қолдары, көздері Аузы сақинадан жасалған Әдемі шашы да бар Оң қолымда бес саусақ Сол қолымда бес саусақ Бәрін қоссақ он саусақ Трафарет әдісін пайдаланып көрпешеге оюды бастыру «Геоконт» ойыны. Шарты: оюды резеңке арқылы құрастыру.	Балалардың жауаптары Көрмені тамашалайды. 1. Ою ойғанның ойы ұшқыр. 2. Шебердің қолы алтын Шешеннің сөзі алтын 3. Шешеннің тілі-шебердің бізі 4. Өнер –өлмес мұра Қазақта бір ою бар қошқар мүйіз Орын алар тұрағы, көрпе –киіз Шеберлер осы өрнекпен сәндегенде Көз тартып құбылады оюымыз. Балалар сергіту жаттығуын қимылмен орындайды. Алақанды жұмып, ашады Қолды шеңбер жасап айналдырады Қолдарын екі жаққа ашады Балалар оюды бастыру әдісі арқылы көрпеше безендіреді. Ойынға қызығушылықпен қатысты
Рефлексиялық түзетушілік	-қандай ұлттық бұйымдарды көрмеден тамашаладық? -Қандай оюды көрпешеге бастырдық? Балаларды мадақтау	Білезік, көрпеше, қоржын, торсық Қошқар мүйіз

Күтілетін нәтиже:
Біледі: Қазақтың ұлттық бұйымдарын
Игереді: ою-өрнек түрлерін, аттарын
Меңгереді: Ою-өрнекті бастыру арқылы көрпеше безендіруді

СЕЙДАЛИЕВА ЭЛЬМИРА ОРЫНБАСАРОВНА,
"Жанерке" бөбекжайы жеке мекемесі
тәрбиешісі
Түркістан облысы, Сайрам ауданы

БӘРІН БІЛГІМ КЕЛЕДІ

Мақсаты: қызықты сұрақтар арқылы балалардың логикалық ойлауын және зейінің дамыту; заттарды көлеміне қарап салыстыруға жаттықтыру; Танграм әдісі бойынша құрастыруға үйрету; екі бірдей заттар туралы ұғымдарын кеңейту; балалардың сөздік қорын молайту; ойын-қызмет кезінде нәтижеге жетуге қызықтыру; ұжыммен жұмыстануға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: интерактивтік тақтамен жұмыс, жеке жұмыс, топпен жұмыс, ойын, сергіту сәті, саусақ жаттығуы.

Көрнекілігі: командалардың эмблемалары, ойыншық аюлар, танграм пішіндері, суреттер, карточкалар, гуашь, қылқалам, Кюйзенера таяқшалары.

Техникалық құрал-жабдықтар: интерактивтік тақта, музыкалық орталық.

Сөздік жұмыс: қолшатыр кеме.

Билингвальды компонент: мысық-кошка-cat.

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар топқа кіреді, төстерінде эмблемалары бар. - Балалар, бүгін бізге көп қонақтар келді, кәне, амандасайық. Үш тілде амандасу. Қайырлы таң, қонақтар! Қайырлы таң, достарым! Бір-бірімізге қарайық, Жылулық сыйлайық! Доброе утро, наши гости! Доброе утро, друзья! Посмотрите друг на друга, Пожелайте добра! Gud moning, Gud moning Gud moning, tu wey. Gud moning, Gud moning Wue glad, tu cu wey. - Балалар, бүгін бізге тағы да екі қонақ келіп отыр. Сендер байқаған боларсыз. - Олар кімдер екен? - Дұрыс екі қонжық. Олардың есімдері Миша және Маша. Балалар, оларда сендер сияқты мектепке барғысы келеді екен, бірақ олар көп нәрсені білмейміз дейді. Сондықтан олар сендермен бірге үйренуге келген. -Кәне, үйретеміз бе оларды? Олай болса, бүгінгі оқу қызметіміз жақсы өту үшін, бір-бірімізге қуаныш, мейірім, бақыт тілейік. Біздің күлкіміз көңілді, Жеткізсін жылу мен шаттықты. Бөліскен жақсы ғой өмірде, Қуаныш, мейірім, бақытты.	Балалар екі топ болып кіреді. Жарты шеңбер болып тұрады. Үш тілде амандасады. Балалар қонжықтарға назар аударады. -Қонжықтар. -Миша, Маша. Балалар келіседі. Өлең сөздерін айтып, кимылдар орындайды.
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	- Бүгінгі оқу қызметіміз тапқырлар ойын-жарысы түрінде өтеді, сондықтан екі топқа бөлініп екі команда боламыз: біріміз Мишаның командасы «Дөңгелектер», екіншіміз Машаның командасы «Шаршылар». Кәне, оларға да біздер төстеріне белгілер берейік. (екеуіне командалардың эмблемаларын беріп, отырғышқа отырғызу) .	

	Бірінші команда: «Дөңгелектер» (төстерінде дөңгелек түрінде эмблемалар) . Екінші команда: «Шаршылар» (төстерінде шаршы түрінде эмблемалар) . Командалар өздерін таныстырады. - Сұрақтар кезекпен екі командаға беріледі, сондықтан бір- біріміз жауап бергенін күтеміз, тәртіпті сақтаймыз. Жарысымыз IV тапсырмадан тұрады: I тапсырма - «Ойы ұшқыр-шешімін табар» (логикалық сұрақтар) . II тапсырма - «Кел, бірге құрастырайық» (танграм арқылы бейне құрастыру) . III тапсырма - «Зейіні бардың бәріне де бейімі бар» (суретті тапсырмалар) . IV тапсырма - «Шебер қолдар» (Кюйзенера таяқшасымен бейне құрастыру) . Ал, ендеше тұрмайық, Ойынымызды бастайық. Не үйрендік, не білдік, Соны ортаға тастайық. I тапсырма – «Ойы ұшқыр-шешімін табар» (логикалық сұрақтар) . Слайд №1 1) I командаға: - Егер сызғыш қарындаштан ұзын болса, қарындаш сызғыштан. ... (қысқа болады) . II командаға: Егер керік қояннан биік болса, қоян керіктен. ... (аласа болады) . 2) I командаға: - Егер түлкінің құйрығы мысықтың құйрығынан жуан болса, мысықтың құйрығы түлкінің құйрығынан. ... (жіңішке болады) . II командаға: - Егер аю қонжықтан үлкен болса, қонжық аюдан. ... (кішкентай болады) . 3) I командаға: - Егер тас қатты болса, мақта. ... (жұмсақ болады) . II командаға: - Егер от ыстық болса, мұз. ... (салқын болады) . 4) I командаға: - Егер түнде қараңғы болса, күндіз. ... (жарық болады) . II командаға: - Егер тұз ащы болса, қант. ... (тәтті болады) . II тапсырма–«Кел, бірге құрастырайық» (танграм арқылы мысықтың бейнесін құрастыру) . Слайд №2 1 тақтада бірінші мысықтың суреті. I команда мына мысықты құрастырып, мысық туралы өлең айтып береді. Ала мысық тырнама, Тырнағаның бола ма? Ұстайыншы қолыңнан, Ойнайық, ер соңымнан. 2 тақтада мысықтың суреті. II команда екінші мысықты құрастырып, мысық туралы өлең айтып береді. Мысығым, кел маған, Сүт берейін мен саған. Ит кеп қалса, қорғаймын, Көтерейін, кел маған. Билингвальды компонент: мысық-кошка-cat. - Енді, балалар, біз демалып алайық. Сергіту сәті (Интерактивтік тақта бойынша орындау) .	«Дөңгелектер»: Біз шеңберді сақтаймыз Ақылды, тапқыр боламыз. «Шаршылар»: Біз шаршымыз, шаршымыз, Бәріне жауап табамыз. -қарындаш сызғыштан қысқа болады. -қоян керіктен аласа болады. -мысықтың құйрығы түлкінің құйрығынан жіңішке болады. -қонжық аюдан кішкентай болады. -мақта тастан жұмсақ болады. -мұз оттан салқын болады. -күндіз түннен жарық болады. -қант тұздан тәтті болады. Мысықты құрастырып, өлең айтып береді. (ұжымдық жұмыс) Мысықты құрастырып, өлең айтып береді. (ұжымдық жұмыс)
--	--	---

	III тапсырма – «Зейіні бардың бәріне де бейімі бар» (суретті тапсырмалар) . Слайд №3 1) Екі бірдей затты тауып, бір-бірімен сызық арқылы қосу. I командаға: Екі бірдей қолшатырды табындар. II командаға: Екі бірдей кемені табындар. 2) Жануарлардың, құстардың, жәндіктердің көленкелерін тауып суреттерімен қосындар. Сөздік жұмыс: қолшатыр кеме. IV тапсырма – «Шебер қолдар» (Кюизенера таяқшаларымен бейне құрастыру) . Слайд №5 I командаға: - Үйдің бейнесін құрастыру. II командаға: - Үйдің бейнесін құрастыру. Дидактикалық ойын «Артық сөзді тап» Ойын шарты: айтылған сөздердің ішінен артық сөзді тауып, ол неге артық екенін айту. - алма, алмұрт, пияз, банан; - ат, қасқыр, сиыр, қой; - етік, чешки, малақай, кроссовка; - қасық, үстел, тәрелке, шәйнек; - Алия, Марат, Айгуль, Мөлдір; - Әлішер, Арман, Болат, Аида; - қарлығаш, көгершін, қарға, шырша; - ата, әке, дос, ана; - машина, автобус, пойыз, орындық; - аспазшы, дәрігер, қуыршақ, жүргізуші; -Балалар, аюлар өздерімен бірге суреттер алып келіпті. Бірақ оның ішінде бірнеше сурет салынған, ал сонын ішінен тек қызанақтың және алманың суретін тауып бояп беру керек. Кәне, аюларға көмектесеміз бе? Саусақ жаттығуы: Бір, екі, үш, төрт, бес Шықты саусақтар серуенге. Бір саусағым жүгірді, Бір саусағым секірді. Достарымды жинаймын, Бояуды мен бастаймын. 1 тақтада көкөністердің суреттері. I командаға: -Суреттердің ішінен тек қызанақты тауып бояу. Дыбыстық жаттығуы: Ақ-ақ-ақ Қып-қызыл қызанақ. 2 тақтада жемістердің суреттері. II командаға: - Суреттердің ішінен тек алманы тауып бояу. Дыбыстық жаттығу: Ма-ма-ма Жедім тәтті алма.	Қайталайды: мысық-кошка-cat. Сергіту сәтін орындайды. Бірдей қолшатырды тауып, сызық арқылы қосады. (жеке жұмыс) . Бірдей кемені тауып, сызық арқылы қосады. (жеке жұмыс) . Суреттерді көленкелерімен қосады. Қайталайды: қолшатыр, кеме. Үйдің бейнесін құрастырады. (жеке жұмыс) . Үйдің бейнесін құрастырады. (жеке жұмыс) . Балалар айтылған сөздерді тыңдап, ішінен артық сөзді атап, неге артық екенін айтып береді. Балалар суреттердің ішінен қажетті суретті табады. -Ия. Балалар саусақтарымен қимылдар жасап орындайды. Қызанақты бояйды. (жеке жұмыс) Дыбыстық жаттығуды орындайды. Алманы бояйды. (жеке жұмыс) Дыбыстық жаттығуды орындайды.
Рефлексивтік-түзетушілік	-Бүгін бізге қонаққа кімдер келді? -Олар не үшін келген? -Ал, сендер оларға не көрсетіндер? -Ал, сендерге бүгін не ұнады? -Балалар, аюлар сендерге риза болып, бәріңізге медаль береді. Балалармен оқу ойын –сайыс қызметін қорытындылау, балаларға сыйлыққа медаль беру.	-Қонжықтар. -Бізбен бірге үйренуге келген. Балалар өз ойларын айтады.

Күтілетін нәтиже:

Нені жаңғырта алады: ұзын-қысқа, биік-аласа, үлкен-кішкентай, жуан-жіңішке ұғымдарын;

Нені түсінеді: ойын-тапсырмалар орындау арқылы заттардың ұқсатығын анықтауды;

Нені қолданады: танграм және мнемотехника әдістері арқылы тапсырмаларды орындауды.

МУҚАТАЕВА ЛАУРА АМАНҚЫЗЫ,

№8 Мойынқұм колледжі

Өндірістік оқыту шебері

Мойынқұм ауданы. Мойынқұм ауылы

ҮЗДІК ЖҮРГІЗУШІ

Сабақтың мақсаты: Білім алушыларға трактордың құрылысымен және жұмыс істеу принциптерімен, олардың негізгі бөлшектерімен таныстыру, түсіндіру.

Дамытушылық: Білім алушыларға сайыс сабағы арқылы, көрнекіліктерді, оқу стендтерін, слайдтарды пайдалану арқылы білімдерін дамыту.

Тәрбиелік: Сабақ барысында білім алушылардың сабаққа белсенді, ұйымшыл қатысуын қадағалау, тәрбиелеу, ұлағатты сөздерді айту.

Көрнекіліктер: Интерактивті тақта, суреттер, бөлшектер, картограмма, трактор.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру:

Сайыстың барысы:

Құрметті білім алушылар, әріптестер бүгінгі «Үздік жүргізуші» атты зияткерлік сайысына қош келіпсіздер! Бұл сайыстың мақсаты білім алушылардың білім деңгейін жетілдіру, дамыту, практикамен ұштастыру. Жарысуға, жарыста жеңімпаз болуға ұмтылуын дамыту. Білімді, дарынды, озық болуға тәрбиелеу. Бүгінгі келген сайысқа Қатысқандар шетінен, Өнерлі де білімді таныстырып әрқайсысы Өтсін бүгін өздерін Танысайық, білейік Құлақ соған түрейік.

Студенттерді таныстыру:

ТМ-1-21 топ білім алушылары:

Шын жүйрік шабысынан танылады,

Қатты білім, терең ой саналады,

Баға берер әділқазы ортамызда

Сіздерге құрметпен қол соғады,

Ойын шартымен таныстырып өтейін.

Ойынымыз 5 кезеңнен тұрады.

1- Кезең «Білгенге маржан» тест тапсырмалары: әр білім алушы ұяшықтарды таңдайды, сол ұяшықтағы сұрақтарға жаап беру керек. Әр сұрақ 1 балл болып есептеледі. Егер сұраққа дұрыс жауап берілген жағдайда басқа білім алушылар жауап беріп ұпайды еншілеуге құқы бар.

2- «Сен білесің бе?» сұрақ-жауап: білім алушыларға жалпы сұрақтар беріледі. Әр сұрақ 1 балл болып есептеледі. Егер сұраққа дұрыс жауап берілмеген жағдайда басқа білім алушы дұрыс жауап берсе ұпайды еншілеуге құқы бар. Ұпай саны аз 1 білім алушы ойынмен қоштасады.

3- Кезең «Кім тапқыр?» тапсырмасы: әр білім алушыға картограмма беріледі. Сол картограммадағы тапсырмалардың дұрыс жауабын, жауап парағына белгілейді. Берілетін уақыт 5 минут. Әділқазы алқалары тексеріп қорытынды шығарады. Ұпай саны аз 1 білім алушы ойынмен қоштасады.

4- Кезең «Кім жүйрік» тапсырмасы: білім алушыларға детальдар көрсетіледі, соның атауын табу қажет. Әр дұрыс жауап 10 ұпаймен есептеледі. Ұпай саны аз 1 білім алушы ойынмен қоштасады.

5- Кезең «Үздік жүргізуші» тапсырмасы: білім алушылар жүргізу алаңына барып трактор жүргізеді. 2-тапсырма.

1. Төменгі берілісте тракторды сегіздікпен жүргізу.

2. Артқы беріліспен жүргізу.

Тапсырманы орындағанға байланысты ұпай санын беру. Ең жоғарғы ұпай 10.

Сайысымызды бастаймыз. Сәттілік қатысушылар!

1- Кезең «Білгенге маржан» тест тапсырмалары: әр білім алушы ұяшықтарды таңдайды, сол ұяшықтағы сұрақтарға жауап беру керек. Әр сұрақ 1 балл болып есептеледі. Егер сұраққа дұрыс жауап берілмеген жағдайда басқа білім алушылар жауап беріп ұпайды еншілеуге құқы бар.

2-кезең «Сен білесің бе?» сұрақ –жауап: білім алушыларға жалпы сұрақтар беріледі. Әр сұрақ 1 балл болып есептеледі. Егер сұраққа дұрыс жауап берілмеген жағдайда, басқа білім алушы дұрыс жауап берсе ұпайды еншілеуге құқы бар. Ұпай саны аз 1 білім алушы ойынмен қоштасады.

1. Газ тарату механизмінің қызметі?

Жауабы: Цилиндрге таза ауа беру және жаңған газды сыртқа шығару.

2. Айналмалы бұлғақты механизм қызметі?

Жауабы: Газдың қысымын өзіне қабылдап, поршеннің түзу сызықты қозғалысын иінді біліктің айналу қозғалысына келтіру.

3. Майлау жүйесінің қызметі?

Жауабы: Қозғалтқыштың үйкеліске келетін деталдарын майлау?

4. Қоректендіру жүйесінің қызметі?

Жауабы: Цилиндрге таза ауа және тозаңдатылған жанар май беру.

5. Салқындату жүйесінің қызметі?

Жауабы: Қозғалтқыш қызып кетпес үшін суыту

6. Айналмалы бұлғақты механизм құрылысына не жатады?

Жауабы:

1. Негізгі қорап блок

2. Иінді білік

3. Төсеніш

4. Шатун

5. Поршень

7. Тығыздайтын және май сыратын сақина

1. Цилиндр

2. Маховик

8. Майлау жүйесінің құрылысы?

Жауабы:

1. Май насосы

2. Центрауга

3. Редукционный клапандар

4. Май суытатын радиаторы

5. Май тұратын паддон картер

6. Майдың денгейін өлшейтін шуп

9. Салқындату жүйесінің құрылысы?

Жауабы:

1. Сұйықтық құятын радиатор
2. Айдаушы помпа
3. Желдеткіш
4. Термостат
5. Потрубкалар

10. Қоректендіру жүйесінің құрылысы?

Жауабы:

1. Жоғары қысымдағы насос (апаратура)
2. Фарсунка
3. Жоғары қысымдағы түтіктер
4. Жанармай беретін насос
5. Ірі және майда сүзгіш
6. Бак

11. Газ тарату механизмінің құрылысы?

Жауабы:

1. Газ тарату білігі
2. Газ тарату тістегершік
3. Штанга
4. Күйенті
5. Күйентінің білігі
6. Реттейтін винт
7. Клапан
8. Клапанның серіппесі мен табақшасы

3-кезең «Кім тапқыр?» тапсырмасы: әр білім алушыға картограмма беріледі. Сол картограммадағы тапсырмалардың дұрыс жауабын, жауап парағына белгілейді. Берілетін уақыт 5 минут. Әділқазы алқалары тексеріп қорытынды шығарады. Ұпай саны аз білім алушы ойынмен қоштасады.

4-кезең «Кім жүйрік» тапсырмасы: білім алушыларға детальдар көрсетіледі, соның атауын табу қажет. Әр дұрыс жауап 10 ұпаймен есептеледі. Ұпай саны аз білім алушы ойынмен қоштасады.

5-кезең «Үздік жүргізуші» тапсырмасы: білім алушылар жүргізу алаңына барып трактор жүргізеді. 2 тапсырма

1. Төменгі берілісте тракторды сегіздікпен жүргізу.
2. Артқы беріліспен жүргізу.

Тапсырманы орындағанға байланысты ұпай санын беру. Ең жоғарғы ұпай 10

СЛЯМОВА ГУЛЬНАРА ТУРУСБЕКОВНА,

«Ы. Кабеков атындағы орта мектебі» КММ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Абай облысы, Ақсуат ауданы, Екпін ауылы

БАСТЫ МАҚСАТЫМ - ЖАС ҰРПАҚТЫ ҰЛТТЫҚ ИГІЛІКТЕР МЕН АДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ТӘРБИЕЛЕУ

Технология, коммуникация және ғылым салаларындағы елеулі өзгерістер әлемдік экономикаға айтарлықтай ықпал ете отырып, әрбір адамзатқа ХХІ ғасырда табысты болу үшін қажетті білім мен дағдыларды алға тартады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық, ғаламдық, коммуникациялық желілерге шығу» делінген. Қазақ елінің болашағы бүгінгі өсіп келе жатқан жас ұрпақ.

Ендеше, ертеңгі қоғам мүддесіне лайықты, жан жақты жетілген, бойында ұлттық тәрбие, ұлттық сана қалыптасқан, білімді, парасатты азамат тәрбиелеп өсіру басты міндетіміз екенін үнемі назарда ұстап жүруіміз қажет. Бүгінгі таңда білім беру мазмұны жаңару үстінде. Мектеп қабырғасынан бастап ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеп, олардың дүниетанымын жалпы адамзаттық деңгейде дамытамыз десек, бойында ұлттық және азаматтық намысы бар, ұрпақ өсіргіміз келсе, бүкіл қоғамдық өмірдің өзегін келешек ұрпақ тәрбиесіне, соның ішінде ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуге бағыттауымыз тиіс.

Олай болса, басты мақсат - жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани - мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу.

Мен де өз алдымда білім нәрімен сусындап келе жатқан жас ұрпақты қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқушыда сапалы және терең білім іскерліктің болуын, олардың шығармашылықпен жұмыс істеуін, ойлауға қабілетті болуын талап етемін. Әр ұлт балаларына қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту процесінің негізгі мақсаты - арнайы педагогикалық әдістермен мақсатты жүйелі түрде пайдаланып оқушылардың интеллектін, шығармашылық ойлауын, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру, өз бетімен білім алу және тілдік дағдыларын дамыту болып табылады. Оқушылардың өз бетімен жұмысын қалыптастыру оқушының пәнге деген қызығушылығынан және қажеттілігінен туады. Жеке, жұппен, топта жұмыс жасау арқылы оқушылар өзара әрекеттестікке түседі.

Өз білімін көтеру жекелеген оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу дағдысын дамытып, шығармашылық белсенділігін арттырады. Сондықтан сабақтарымызда дамыту қажет құндылықтар мен дағдыларды ескере отырып жұмыс жасаудамын. Оқушылардың сапалы білім алып қана қоймай, сонымен қатар өзара достық қарым-қатынаста жұмыс жасай отырып, айналасындағы басқа оқушыларға қамқорлық көрсетіп көмек көрсетуіне мән беремін. Топта жұмыс жасауды жолға қойып, әр түрлі топта ынтымақтастықта жұмыс жасауы оқушылардың бірін-бірі тыңдау мәдениеттілігіне алып келеді. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағындағы оқушыларды «академиялық тілде» сөйлетуге тырысамын, өз ойын анық айтуға және өзгенің

пікірімен санасып, өзгені тыңдай білуді талап етіп отырамын.

Мұғалім өз білімін, білігін, оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруы және жаңа педагогикалық технологияны меңгерген болуы қажет. Қазіргі мұғалім педагогикалық жұмыста жүйелі іс-әрекет жүргізетін, өзгерістерге тез төселе алатын, жаңаша ойлай білетін, оқушылармен тіл табыса алатын, іске шебер болуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Мәңгілік Ел» Патриоттық актісі. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының «Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт» атты XXIV сессиясында сөйлеген сөзі. – Астана қ., 2016. – 26 сәуір.
2. «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін түсіндіру бойынша әдістемелік құрал. – Астана: Б.І. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. Б.17-18, Б 25.

МУСОБАЕВА АЙГУЛЬ ЖАЙЛАУБЕКОВНА,

Педагог-исследователь, учитель начальных классов

КГУ «Средняя школа №6 г. Алтай»

Отдела образования по району Алтай Управления образования ВКО.

ВКО, район Алтай

ОРГАНИЗАЦИЯ ПРОЕКТНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

«Дети учатся лучше, если им дают возможность самостоятельно исследовать основы изучаемого материала».

Питер Клайн

